



ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ «ТАБЕТІ» ҮЛКЕН



Мемлекет басшысы былтырғы жолдауында тұтыну сегменті мен бизнеске несие беру ісіндегі теңгерімсіздікті қаржы секторындағы жағымсыз фактор ретінде атап өткен еді. Онда тұтынушыларға жауапсыз несие беруге нормативтік тұрғыдан тосқауыл қою керектігін, өйткені оның айтарлықтай әлеуметтік зардабы болуы мүмкін екенін ескерткен.

– Азаматтардың қаржылық сауатының төмендігі оларға түрлі несиені жөн-жосықсыз тықпалауға себеп болмауы керек. Биыл менің тапсырмам бойынша заңнамалық және нормативтік база өзгертіліп, қарыз алушының төлем қабілетін бағалауға қатысты талаптар едәуір күшейтілді. Бұрын тұтыну несиесін оңды-солды таратып келген микроқаржылық ұйымдар, ломбардтар мен өзге де қаржы мекемелерінің қызметі мемлекет тарапынан реттелетін болды.

(Соңы 3-бетте)

Баспасөз – 2022



Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета», «Заң», «Фемида» басылымдарына жазылу жалғасып жатқанын естеріңізге салғымыз келеді.

Төл басылымдарыңыздан қол үзіп қалмаңыздар!

Біздің басылымдарға

«Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

✓ «Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921
заңды тұлғалар үшін – 15921

✓ «Юридическая газета»

жеке тұлғалар үшін – 65928
заңды тұлғалар үшін – 15928

✓ «Заң» журналы – 75849
✓ «Фемида» – 75858

Байланыс телефоны: 8 701 276 8989

✉ zanreklama@mail.ru

ТҰҒЫР



«ЕЛДІКТІҢ ЖЕТІ ТҰҒЫРЫ» – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ КЕПІЛІ

Міне, елімізде Тәуелсіздіктің таны атқалы бері де 30 жылды артқа тастап үлгеріп-піз. Кешегі тәй-тәй басқан сәби бұл күндері оң-солын айырып, енесін тіктеген айбынды, әлеуетті ұланға айналды. «Отызында орда бұзбасаң, қырқында қамал ала алмайсың» деген ата-бабамыз. Отыз жас – тек күш-қайратын толысқан, белің бекіген жас қана емес, салмақты ой айта-тын жас. Соның дәлеліндей, отыз жасқа толған Тәуелсіз мемлекетімізде соңғы жылдары болашаққа бағыт берер ірі-ірі шешімдер қабылданып, аса маңызды бағдарламалар ұсынылуда.

(Соңы 5-бетте)

АЛАҢ ЖҰРТ

«ОТБАСЫНЫҢ БІРЛІГІ – ОТАННЫҢ БІРЛІГІ»

ОТАУ ҚҰРЫП, ҮЛКЕН ӨМІРГЕ ҚАДАМ БАСАТЫН КЕЗ КЕЛГЕН
ОТБАСЫНЫҢ ӨУ БАСТАҒЫ АРМАНЫ ҮЛГІЛІ БІР ШАҢЫРАҚҚА
АЙНАЛУ ЕДІ. БҰҒАН ДЕЙІН ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БҰЛ АРМАН-
ТІЛЕГІ КӨП РЕТТЕ ОРЫНДАЛЫП ТА ЖАТАТЫН. АЛ БҮГІН ШЕ?



Статистикалық деректерге қараған сайын осындай оптимистік көңіл-күй әрқайсысымыздан алыстай береді. Себебі мен салдарын іздеген тұста ғасырлар тоғысына тап келген ұрпақтар алмасуы адами құндылықтардың да өзгергенін көрсетті. Бұл отбасы институтын әлсіретіп, адамзатты көптеген қиындықтарға душар етті. Елдегі мемлекеттік бағдарламалар осындай жағдайлардың алдын алуға тиіс болатын. Алайда, қарапайым халық дәл осы неке және отбасы мәселесінде бүгін қайрандағы шабақтың хәлін бастан кешіріп отыр. Тіпті, Елбасы Н.Назарбаевтың өзі бір сөзінде: «Жастарды жаңа әлеуметтік рөлдерге және отбасылық өмірдің шынайылығына дайындау қажет. Мұны орта мектептердің жоғары сыныптарынан

бастау керек. Ана институтын қолдаумен бірге, әке институтын дамыту, жасөспірімдерге өз отбасына жауапкершілік сезімін қалыптастыру маңызды. Отбасылық қатынастардың барлық аспектілері бойынша қолжетімді психологиялық және консультациялық көмекті қамтамасыз ету қажет. Отбасылардың ажырасуы біздің ерекше алаңдаушылығымызды тудыруда. Ғалымдар, қоғам, бұқаралық аппарат құралдары бұл мәселеге елеулі назар аударуы тиіс», деген. Тағы бір тұста ол: «Отбасы – береке-бірліктің қайнар көзі.

Отбасының бірлігі – Отанның бірлігі, ағайынның та-тулығы – Атамекеннің тұтастығы. Біз жас ұрпақтың білімді, дені сау болуы, әрбір некенің мызғымас берік болуы, қарттардың зейнетті өмір кешуі үшін барлық жағдайды жасап келеміз. Бұл демографиялық ахуалға оң әсерін тигізуде» – деген еді. Бұдан кейінгі жылдары да, оған дейін де Мемлекет басшысы осы саланы дамыту бойынша көп тапсырмалар беріп, арнайы бағдарламалар қабылдаған. Алайда, елдегі отбасы құндылығын дәріптейтін бағдарламалар бәрібір лайықты жұмыс атқара алмады. Олардың жас отбасылармен, жас аналармен жұмысының жүрдім-бардым болуы немесе мүлдем болмауы қоғамды бүгінгідей депрессивті көңіл-күйге әкелді. Оған мемлекеттегі жұмыссыздық пен әлеуметтік тұрмыстың ауырлығы қосылды. Ұзақ жылдарға созылған бұл дерт өзінің асқину шегіне жеткенде шарасыз көпшілікте кешегідей өмірден баз кешудің түрлі жолдарын таңдаған жандарды тоқтатарлық қауқар болмады.

(Соңы 6-бетте)

АГРОӨНЕРКӘСІПТІ ДАМУДЫҢ ЖОЛЫ ҚАЙСЫ?

Дәуренбек МӘЖИТОВ, Л. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университетінің профессоры,
экономика ғылымдарының кандидаты:

– Қазіргі жағдайда микрокредиттік ұйымдар ауыл шаруашылығы саласына онша несие беріп жатқан жоқ. Олар өзінің несие саясатында ауыл шаруашылығын қаржыландыруға аса қызықпайды. Өйткені, онда ақша өте қысқа мерзімге беріледі. Ал ауыл шаруашылығында ең кемінде 90 күнсіз өнім алынбайды. Оны тосып отыруға микроқаржы ұйымдарының мүмкіндігі жоқ. Олар көп жағдайда бөлшек бизнесті қаржыландырады. Микроқаржы ұйымдары жекеменшік болған соң оларға мемлекет қаржы бөліп отырған жоқ. Өз басым ауыл шаруашылығында олар үшін перспектива бар деп айта алмаймын. Ауыл шаруашылығын қаржыландыру үшін арнайы жүйе жасалып, мамандандырылған банк құрылу керек.

Мемлекет басшысы биылғы жолдауында екінші деңгейдегі банктердің шағын жобаларға, әсіресе, ауылға арнап ақша салмайтынын, сондықтан бұл мәселеде микроқаржы ұйымдарының әлеуетін іске қосу керектігін айтты. Біз сарапшылар пікірін білген едік.

лама болуы керек. Микроқаржы ұйымдары деген кезде 10-20 жылға берілетін арзан несиені қарастырмау керек. Микроқаржы ұйымдарының бизнес моделінің өзіндік ерекшелігі бар.

Дулат ТАСТЕКЕЕВ, «TASSCREDIT» компаниясының
бас директоры:

– Халық микроқаржы ұйымдарын, қоғамдағы олардың функциясын, ұсынып отырған өнімдерін әлі күнге дейін дұрыс түсінбейді. Сондықтан ондағы пайыздық мөлшерлемені банктермен салыстырады. Микроқаржы ұйымдарының өзі бірнеше бағытта жұмыс істейді. Біреуі кепілсіз несие береді, екіншісі жылжымайтын мүлікті кепілге алып несие береді, үшіншісі көлікпен жұмыс істейді деген сияқты.

Банк бөлімшелері жоқ жерде микроқаржыландыру ұйымдарын қолдануға болады. Ол үшін қаржыландыру барысында мемлекет тарапынан арнайы жоба, бағдар-лама болуы керек. Микроқаржы ұйымдарының бизнес моделінің өзіндік ерекшелігі бар.

БІТІМГЕ КЕЛУ — КЕҢДІКТІҢ БЕЛГІСІ

Қазақ халқы ежелден «Бітімге тоқтамағаннан – береке іздеме» деген қағиданы ту етіп ұстаған. Қазақтарға ар-ождан қашанда қымбат, «Малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы» деген сөзге бас иген ұлы халық. Тарихи деректер бойынша қазақ билері дау-жанжалдарды мағыналы, шешендік сөздермен шешіп отырған және олардың шешімдеріне бүкіл жұртшылық риза болған. Қазақ өркениетінде татуластыру, ымыраға келу шаралары хандық дәуірде қолданылған. Себебі, билердің негізгі міндеті дауласушыларды татуластыру болды. Кешегі дана бабаларымыздың бітімгершілік заңымен бүгінгі қолданыстағы татуластыру рәсімдеріне қатысты заңнаманың сабақтасуы заңдылық.

Сот дау-жанжалдарды қарауды жедел аяқтау және азайту мақсатында тараптарды бітімге келтіруге тырысады, дауларды шешудің басқа баламалы тәсілдерін қолданады, дауласушыларға жәрдемдеседі. Яғни, қазіргі кезде дауды аяқтау ғана емес, дауласушы тараптарды бітімге келтіру – судьяның міндеті. Дауларды сотқа дейін, азаматтық істі сот талқылауына дайындық жүргізу және сот отырысы кезінде реттеудің процессуалдық жолдары ретінде заңда татуластыру рәсімдері көзделген.

ҚК-тің 68-бабының 1-бөлігіне сәйкес, қылмыстық теріс қылық немесе қазаға ұшыратумен байланысты емес онша ауыр емес немесе орташа қылмыс жасаған адам, егер ол жәбірленушімен, арыз берушімен татуласса, оның ішінде медиация тәртібімен татуласса және келтірілген зиянды қалпына келтірсе, қылмыстық жауаптылықтан босатылуға жатады.

Татуластыру рәсімдерін жасауда татуласу (бітімге келу) келісімін, дауды медиация тәртібімен реттеу келісімін (билер кеңесі, кәсіби немесе кәсіби емес медиаторлардың қатысуымен және сот жүргізетін медиацияны қолдану арқылы), дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімін (тараптардың адвокаттарының қатысуымен) қолдану қағидалары қарастырылған.

Дауды татуластыру рәсімдерімен, соның ішінде медиация тәртібімен реттеу тараптардың еріктілігі, тең құқылығы, татуласу рәсімін жүзеге асыратын судьяның немесе медиатордың тәуелсіздігі мен бейтараптылығы, татуласу рәсіміне араласуға жол бермеушілік, құпиялық пен қолданыстағы заңнаманың талаптарына сай болуы қағидаттарына негізделеді.

Татуластыру рәсімдері қолданылатын даулар санатына: отбасылық даулар (алимент өндіру, баланың тұрғылықты жерін анықтау, ата-ананың баламен араласу тәртібін анықтау, неке бұзу, ортақ бірлескен мүлікті бөлу, т.б. даулар), міндетті түрде сотқа дейін келісім комиссиясына жүгіну тәртібі көзделмеген еңбек даулары, мұрагерлік даулар, жер даулары, тұрғын үйден, пәтерден шығару туралы даулар, қарыз келісімшарттары туралы, сақтандыру даулары жатады.

Азаматтардың, заңды тұлғалардың соттарға жүгінуі олардың соттарға деген сенімінің арта түскенін білдіреді. Соттарда қаралатын дау бойынша екі тарап болады. Өкінішке қарай, қазіргі уақытта тіпті отбасындағы мәселелерді де сотта шешуге тырысады: ағасы інісімен, әкесі не болмаса анасы балаларымен, я болмаса, балалары ата-анасымен соттасып жатады. Кейде көршілердің, тіпті бірге жұмыс істейтіндердің де соттасып жатқаны кездеседі.

Ел бірлігінің бастауы халқымыздың «Бірлік болмай, тірлік болмайды» деген асыл сөзінде жатыр. Егер ағайын-туыс, көршілер мен әріптестер арасында бірлік болмаса, ел бірлігі қайдан болсын?

Дауласушы тараптар ұзақ мерзімге, кейде өмір бойы дауласып, ол шешілмей, үдеп кететін дау-дамайдан арылмай жүргенше, арадағы туыстық, көршілік, әріптестік ізгі қатынастарды, ауызбіршілік пен ынтымақтастықты сақтап қалу үшін қалай да болса, бітімге келтіргеннің артықшылығын және екі тарап үшін де ұтымды екенін түсінген жағдайда татуластыру шаралары нәтижелі болмақ.

Әрине, дауласушы тараптарды татуластыру келісімдерін жасауға мәжбүрлеуге болмайды. Себебі, тараптар татуласу рәсімдері бойынша келісімді жасауды өздері үшін арадағы даудың сәтті аяқталуының, дауды қысқа мерзімде әрі аз шығынмен шешудің мүмкіндігі деп түсінуі қажет.

Болат ҚАРАБАЕВ,
әл-Фараби аудандық сотының судьясы
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

ТІЛ ЖАРЫСЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев быылғы жолдауында қазақ тілін дамыту мемлекеттік саясаттың басым бағытының бірі болып қалатынын еске салып, болашағын Отанымызбен байланыстыратын әрбір азамат қазақ тілін үйренуге ден қоюға тиіс екендігін баса айтты.

Ана тілдің қадір-қасиетін, сөз күдіретін ұғыну әрбір азаматтың парызы болғандықтан, бабадан мирас боп қалған тіліміздің құнарлы қазынасын сақтап қалып, дамытуға сот саласының қызметкерлері де өз үлестерін қосып жатыр.

Нұр-Сұлтан қалалық сотының төрағасы Тілектес Ешейұлының бастамасы негізінде, Судьялар одағының Нұр-Сұлтан қаласы бойынша филиалының ұйымдастыруымен, торқалы той қарсаңында қалалық сотта судьялар мен сот қызметкерлерінің қатысуымен үш кезеңнен тұратын бір аптаға созылған сайыс өткізілді.

Жарысқа елордалық соттардың 103 судьясы мен 86 сот қызметкер қатысып, 189 сайыскер бақтарын сынап көрді.

Сайыстың басты мақсаты орыс мектебін тәмамдаған және өзге ұлт өкілдерінен құралған судьялар мен сот қызметкерлерінің мемлекеттік тілде ойын жеткізуін, тіл байлығы мен мәдениетін анықтау болды.

Бірінші және екінші кезеңдер ғұлама, ойшыл, ақын, ағартушы, халқы-



мыздың ұлы перзенті Абай Құнанбайұлының және жазушы, ғұлама ғалым Мұхтар Әуезовтің өнегесі мен мұрасын танып білуге, қоғамдық сананы жаңғыртуға бағытталды.

Сайыскерлер бірінші кезеңде ұлы ойшыл Абайдың өз заманының ғана емес, қазіргі заманауи қоғамның бейнесін суреттеген қарасөздерінде айтылған ой-тұжырымдардың мән-маңызын ашып, ойларын ортаға салды.

Ұлы ақынның ойынан тағылым алған сайыскерлер екінші кезеңге өтіп, ұлы жазушы, қоғам қайраткері Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің шығармалары мен әңгімелерін баяндап берді.

Жарыстың үшінші кезеңі «Тәуел-

ЕЛОРДАЛЫҚ СОТТАҒЫ САЙЫС

сіздік жылдардағы еліміздің жетістіктері», «Тәуелсіздік жылдардағы менің жетістіктерім», «Өмірдегі менің жетіс-



тіктерім», «Сот қызметіндегі есте қаларлық оқиға» және еркін тақырыпқа мемлекеттік тілде эссе жазумен ұштасты.

ЖАСАМПАЗДЫҚТЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

Тәуелсіздігін алған жас елдің басты мақсаты – тәуелсіздікті тұрақты етуге талпыну. Сынай қарағандар мен сенімсіздік танытқандардың табасына қалмай іргелі ел, еңселі мемлекет атану.

Қазақстан мемлекеттілігінің негізін қалаушы – еліміздің Тұңғыш Президенті, халқымыздың тұғырлы, бай-қуатты, бейбіт ел ретінде серпінді дамуына жол ашушы, заманымыздың аса көрнекті мемлекет қайраткері Нұрсұлтан Назарбаев – Қазақ елінің өсіп-өркендеуі мен игілігінің кепілі.

«Назарбаев кеңестік саясаттағы жарық жұлдыз. Түрлі республикалар арасындағы ірі фигура», – дейді атакты реформатор Ли Кан Ю. Біздің қауым болса «құдай да бір жомарт қой. Бұл жігітке бөрілік пен серілікті қатар берген. Қай патшамен, қай басшымен кездесе де бір дем жоғары отырады. Бұның бәрі интеллектіге байланысты», – деседі.

Нұрсұлтан Назарбаев бүгінде әлемдік аренадағы ең ірі саяси тұлғалардың бірі. Ол ел басқару ісінде халықтың ғасырлар бойы жинақталған бай тәжірибесі мен әлемдік тәжірибені тал бойына тоғыстырған алымды да алғыр басшы. Ел өмірінің алуан салалы тіршілік-тынысын терең білу, маңдай тіреген проблемалардың ең елеулісін тап басып тани алу, ел ішіндегі және әлемдік ахуалдармен санаса отырып ұрымтал әрекеттерге бару, сол жолда таңдалған бағытын табандылықпен жүзеге асыру – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың мемлекет басшысы ретіндегі басты қасиеті. Оның соңғы жиырма жыл ішінде көтерген жаһандық саясатты қамтитын бастамалары әлемдік саясатқа ірі бетбұрыстар екелді. Тәуелсіз мемлекетіміз тәй-тәй басқан алғашқы жылдарға көз жүгіртер болсақ, Одақ тарап, бұрынғы одақтас республикалар өзара байланыстардың бәрін шорт үзіп, тас бүркеніп жатқан кезде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құру туралы бастама көтерген Қазақстан Республикасының Президенті екені белгілі.

Мейрам тарихына аз-кем тоқталып өтейік. 2011 жылдың желтоқсанында Парламент Сенатының депутаттары ерекше бір бастама көтеріп, ол бастама Сенаттың пленарлық отырысында №509-IV заңымен бекіп, нәтижесінде «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» 2001 жылғы 13 желтоқсандағы № 267-II заңның 3-бабына: 1 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні деген жаңа мемлекеттік мереке енеді. Неге 1 желтоқсан, оның мәні неде деген сауалға келсек, бұл датаның да 30 жылдық өз тарихы бар. Тарихи толқу мен өзгеріске толы 1991 жылдың 16 қазаны күні 12-шақырылымдағы Жоғарғы Кеңестің кезектен тыс VI сессиясының пленарлық отырысында «Қазақ КСР Президентін сайлау туралы» заң қабылданады. Міне осы заңмен 1991 жылдың 1 желтоқсаны жалпыхалықтық Президент сайлауы өтетін күн болып белгіленеді. Осылайша 1991 жылғы желтоқсанның алғашқы күні, тәуелсіздік лебі ескен, әр тұстан ән шырқалып, жәрменкелер жайылған, халық көтеріңкі көңілмен белсене дауыс берген айрықша жексенбі болып тарихта қалды. Бұл күні халықтың 88,20%-ы қатысқан долада Елбасымыз сайлаушылардың 98,80% дауысын жинап Президент атанады. Сайлау барысын «Рейтерс», «ВВС», «Синьхуа» секілді алпауыт БАҚ-тар жарыса жазды. 10 желтоқсан күні Қазақ КСР-інің атауы өзгеріп дәл осы күні Республика сарайында салтанатты түрде Қазақстан Республикасы Президентінің инаугурациясы өтеді.

Президент күнін атап өту тек біздің елімізде ғана емес, әлемнің көптеген елдеріне тән. Мемлекет басшысы күні ақпанның үшінші дүйсенбісінде АҚШ-та, 14 мамырда Исландияда, 11 маусымда Ұлыбританияда, 27-30 сәуірде Голландияда (Нидерланды), 17 қарашада Маршалл аралдарында, 12 тамызда Тайландта, 17 қыркүйекте Анголада кеңінен аталып өтеді.

Бүгінгі Қазақстан – әлемге танылған, екі алып елдің ортасында орналасқан күр-

делі географиялық жағдайда аспай-саспай, олармен достықтың туын бірге көтеріп, сарабалдықпен алға қадам басқан ел. Мұның бәрі өздігінен оңынан орала кететін іс емес екендігін жұртшылық біледі, әлем жұртшылығы алдында «дамудың қазақстандық жолы» деп әспеттелген бұл күндерге біз ел тізгінін ұстаған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың саликалы саясаты арқылы жеттік. Биік мансап, биік жартасқа екпіндеп ұшып қыран да шығады, өрмелеп жылжып жылан да шығады. Қыранға балайтынымыз елі мен жері үшін аянбай еңбектенуінде. Біздің жастар адал еңбекке үйренсе. Ердің тұлғасы еңбегінен көрінетіндігі тағы бар.

Қазіргі қазақ қоғамы, қазақ жастары үшін тұлғаларға қарап бой түзеу де алғышарт. Тұлғаларсыз тарихтың шығыршығы айналмайды. Жақсы қасиеттеріне жан сүйсініп, парасатынан қуат алатын тұлғалар артсын деген тілек біздікі. Қазіргі қазақ жастарының феномені Елбасымыз, Н.Ә.Назарбаев дегенін білеміз. Оның ел бірлігі мен ұрпақ дербестігіне қосқан үлесі елге мұра, ұрпаққа ұран. Әсіресе, оның мына бір сөзі мені қатты толқытады: «Қазақтың арғы-бергі тарихында біз ұялатын ештеңе де жоқ». Бұның өзі ұлтжандылыққа, тарихын қадірлеуге шақырады.

Қазақстан халқы өздерінің тағдырына тәуелсіздікті баянды ету жолындағы қызығы мен қиындығы мол алмағайып заманда әлемдік ауқымда ойлайтын, бүгінгі күннің тамырын дәл басып, ертеңгі күнді ондаған жылдар бұрын бағамдай білетін Нұрсұлтан Назарбаевтай дана мемлекет басшысының тап келгеніне қуанады.

Тәуелсіздікті мұрат еткен бабаларымыздың аманатын арқалаған тарихымыз тұғырлы, тәуелсіздігіміз баянды болсын!

А.ЖАТҚАНБАЕВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
заң факультеті кеден, қаржы және
экологиялық құқық кафедрасының
менгерушісі

Ғ.АРТЫҚҚЫЗЫ,
Түркістан облысы МАӘС кеңсе менгерушісі

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Алайда бұл түйткіл әлі толық шешілген жоқ. Әсіресе, дағдарыс кезінде елдің табысы азайған тұста қарызға бату қаупі арта түсті. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі мен Ұлттық банк несие беретін ұйымдардың жауапкершілігін арттыру, сондай-ақ несие бойынша шекті мөлшерлемелерді саралап-жіктеу және азайту үшін қосымша реттеу шараларын қабылдау керек. Біз ақша-несие саясатына деген сенімді арттыруға тиіспіз. Сол себепті, Ұлттық банктің құрамынан Ақша-несие саясаты комитетін құру туралы шешім қабылданды, – деген Президент биылғы жолдауында бұл мәселеге қайта оралды. 6,3 триллион теңге жұмсалған дағдарысқа қарсы шаралар жүзеге асырылғаннан кейін экономикамызда артық ақша пайда болғанын, алайда, бөлінген қаржы әлі жетпей жатқан салалар бар екеніне Үкімет назарын аударды. Екінші деңгейдегі банктер шағын жобаларға, әсіресе ауылға арнап ақша салмайтынын, сондықтан микроқаржы ұйымдарының әлеуетін іске қосу керектігін тапсырды. Арада 3 ай өтсе де, олар жергілікті жерде жұмыс істейді. Өзінің тұтынушыларын, олардың бизнесі мен мүмкіндіктерін жақсы біледі. Ұлттық банк пен Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі бұл мәселе бойынша

шешімдер топтамасын әзірлеуі қажет деген Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасының әзірге нәтижесі байқалмайды. Оны Парламент Мәжілісіндегі «Ақ жол» ҚДП фракциясының Ұлттық банк төрағасы Ерболат Досаев пен Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрайымы Мәдина Әбілқасымованың атына жолдаған депутаттық сауалынан да байқауға болады.

«Ақ жол» партиясына микроқаржы ұйымдары мен онлайн компаниялар алдында пайда болған борыштары бойынша азаматтардан өтініш түсіп жатқанын; 145 мың теңгеге дейінгі микрокредитті рәсімдеу кезінде ол уақытылы төленбеген жағдайда борыш 2 есе өсетінін; Мұндай микрокредиттер бойынша жылдық тиімді мөлшерлеме 2333%-ға дейін жеткенін, ал микрокредиттік ұйымдарды құқықтық реттеу үшін қолданыстағы заңнамаға 2019 жылы өзгерістер мен толықтырулар бойынша тиімді сыйақы мөлшерлемесін 56% шегінен асырмау туралы

міндетті талап енгізілгенімен бұл шектеулер 50 АЕК (145 800 теңге) аспайтын сомаға, 45 күнге дейінгі мерзімге берілетін микрокредиттерді қозғамағанын депутаттар атап өткен:

– «Микрокредит беру туралы шарт бойынша сыйақының шекті мәнін белгілеу туралы» 2019 жылғы 26 қарашадағы № 209 Ұлттық банк басқармасының қаулысымен 50 АЕК-ке дейінгі қарыздар бойынша мөлшерлемелер берілген микрокредит сомасының 30% мөлшерінде белгіленеді. Егер осы мәндерді СЖТМ (сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін) есептеу бойынша Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің калькуляторына енгізсек, онда қарыз сомасы 100 мың теңге болған және оны бір айдан кейін 130 мың теңге мөлшерінде қайтарған кезде СЖТМ мөлшерлемесі шамамен 2333,95 %-ды құрайды. Демек, Ұлттық банк тұлғасында реттеушінің өзі қарыз алушыларды өздері шыға алмайтын борышкерлік шұңқырға отырғыза отырып, осындай қарыздар бойынша

тонаушылық пайыздарды есепке жазуға ықпал еткен. «Бірінші кредиттік бюроның» деректері бойынша 50 АЕК-ке және 45 күнге дейінгі сомаға берілген микрокредиттер қоржыны 2020 жылдың басына – 61,5 млрд теңгені, ал 2021 жылдың басына 71,9 млрд теңгені құраған – деген депутаттар бұл Президент жолдауына қайшы келеді деп санайтындарын жеткізді. Расында, халыққа 2000%-дан асатын СЖТМ мөлшеріндегі сыйақы мөлшерлемесін қолдануға болмайды. Ұлттық банк белгілеген микроқарыздар бойынша шекті мән қоғамда әлеуметтік шиеленістің өсуіне және наразылық көңіл-күйге алып келеді. Сол себепті, сомалары мен мерзімдеріне шектеусіз микрокредиттер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің мөлшерін жылдық 56%-дан аспайтын мөлшерде белгілеу керек. Ұлттық банк төрағасы мен Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрайымы бұл мәселеге орай, желтоқсанның аяғына дейін өз жауабын беруі тиіс.

Бұған дейін Президент те өз жолдауында «Стресті активтер деңгейін төмендету жұмысы да айрықша маңызға ие. Біз мемлекет банкирлерге көмектеспеуге тиіс деген шешім қабылдадық. Сонымен бірге, шектеу қойылып, бұғатталған активтерді экономикалық айналымға қайтару керек. Алайда, мұны тек қана нарықтық негізде жүзеге асырған жөн. Бұған заңнамалық негіз болуы қажет. Үкімет Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен бірлесіп, жылдың соңына дейін тиісті заң жобасын Парламентке енгізсін» дегенді айтқан еді. Ол Парламентке енгізіліп, алдымен жұмыс тобында, одан кейін қос палатада жан-жақты талқыланып, олардың мақұлдауын алғанша кемінде жарты жыл керек екенін ескерсек, микрокредиттік ұйымдар алдындағы халықтың берешегі 2022 жылы да өспесе, кемуі екіталай деуге болады.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

МӘСЕЛЕ

Өткен жұмада Парламент Сенатында «Ауылшаруашылығын дамытудың проблемалары мен перспективалары» деген тақырыпта Парламенттік тыңдау болып өтті. Жалпы, ауыл шаруашылығы еліміздің стратегиялық салаларының бірі екені белгілі. Сонымен қатар агроөнеркәсіп кешені әлеуметтік зор маңызға ие. Өйткені, ауылда ел азаматтарының 40 пайызы тұрады. Олардың табысы мен өмірінің сапасы аграрлық саланың дамуымен тікелей байланысты. Сондықтан мемлекет тарапынан агроөнеркәсіптік кешенге үнемі назар аударылып келеді. Алайда, әлі де бұл салада проблемалар аз емес. Олардың арасында жайылымдық жердің жетіспеуі, жеке қосалқы шаруашылықтар мен ауылшаруашылығы корпорацияларын дамыту, ветеринария мен агробиотехнология, азық-түлік тауарлары бағасын реттеу мәселелері шешімін күтпін тұр.

Пандемия салдарынан азық-түлік инфляциясының өсуі біздің елге де әсерін тигізгені белгілі. Мәселен, биылғы жылғы қазан айының қорытындысы бойынша жылдық инфляция 8,9 пайыз болды. Бұл ретте бағаның жылдық өсуінде азық-түлік инфляциясы айрықша әсер етті. Жиында сөз алған сенатор Мұхтар Жұмағазиев мұның себебін ауылшаруашылық тауар өндірушілерінің өз өнімдерін сату бағасына айтарлықтай әсер ете алмайтындығы және көбінесе сатып алу ұйымдарының бағаларын қабылдауға мәжбүр болатындығымен байланыстырды. Шағын және ауыл шаруашылығының барлық өнімінің 41,5 пайызын қамтамасыз ететін жеке қосалқы шаруашылықтардың өз өнімдерін сату мүмкіндіктері шектеулі және олар көбіне делдалдарға тәуелді. Мемлекеттік органдар бұл мәселе

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚОЛДАУҒА МҰҚТАЖ



көтерме-тарату орталықтарын салу арқылы шешілетініне сенімді. Алайда, қазірдің өзінде өңірлерде қызмет көрсетіп отырған бірнеше жеке көтерме-тарату орталықтары осы тұрғыда бірқатар қиындықтарға ұшырауда. Олар көтерме-тарату орталықтарының мәртебесі және оның қызметіне қатысты нормативтік құқықтық базаның жоқтығы, мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдары, ауыл шаруашылық тауар өндірушілері және жеке қосалқы шаруашылықтары арасында өзара іс-қимылдың болмауы, өндірушілерден орталықтарға дейінгі тізбектің әр буыны бойынша өнімді жеткізу тетігі пысықталмауынан туын-

дап отыр. Бұл мәселелерді шешу үшін заңнамалық базаны жетілдіру қажет. Онда «Көтерме-тарату орталықтарының құрылысы» жобасының пәспортына ғимарат құрылысы мен жабдық сатып алу құнынан инвестициялық салымдарды өтеуді 25 пайызын субсидиялауды енгізу, субсидияланған шаруалар өндірген өнімнің белгілі бір көлемін көтерме-тарату орталықтарына жеткізуді міндеттеу, елде өндірілетін ауыл шаруашылығы тауарларының бір тізбесі бойынша тауар өткізу жүйесіне қатысушыларға қосылған құн салығынан босату түріндегі ынталандыру шараларын, ауыл шаруашылық тауар өндірушілері мен

орталықтардың арасында форвардтық келісімшарттар мен сатып алу тетігін пысықтау, айналым қаражат бөлуді қарастыру айрықша маңызға ие.

Ветеринария жүйесінде де қордаланған мәселелер аз емес. Негізінде 2002 жылы «Ветеринария туралы» заң қабылданған кезден бастап бүгінгі күнге дейін бұл қызмет жылдан-жылға өзгерістерге ұшырауда. Алайда, олар айтарлықтай оң нәтиже берді деп айту қиын. Проблемалар саланың қазіргі заманауи ғылыми және технологиялық жетістіктерден артта қалуы себебінен туындап отыр. Олардың ішінде ветеринария саласында үдерістерді цифрландыру, мәліметті жинау әрі оны автоматтандыру, кадрларды даярлау және олардың жалақысын арттыру өзекті мәселелердің бірі. Ветеринариялық қауіпсіздік бойынша ауыл шаруашылығы жануарларын емдеу, болжау және алдын алу әдістемелерін жетілдіру, ауыл шаруашылығы жануарларын диагностикалау және емдеуге арналған ветеринариялық препараттардың сапасы мен қолжетімділігін ұйымдастыру және отандық препараттар үлесін арттыруды қарастыру, міндетті түрде стандарттау және сертификаттау институты мен бірге халықаралық талаптарға сәйкес келетін отандық препараттар өндіру мүмкіндігін қарастыру үшін отандық биоөнеркәсіптік (биокомбинат) саланы құру қажет.

Аталған өзекті мәселелер негізінен кадр саясатының дұрыс жасалып, жүзеге асуына байланысты екендігі ақиқат. Бүгінгі күні Ауыл шаруашылығы министрлігінің ақпараты бойынша тек

қана ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің аумақтық инспекцияларында 309 маман жетіспейді екен. Мемлекеттік аграрлық жоғары оқу орындарын биылғы жылы «ветеринария» мамандығы бойынша 771 адам оқып шыққан. Олардың ішінде жұмысқа орналасқаны 267, қалғандары жұмыссыз немесе басқа салада жұмыс жасайды.

Сонымен қатар, аграрлық секторды субсидиялау тетіктері қайта қарауды және тұрақтандыруды қажет етеді. Бұл ретте, субсидияларды ресімдеу тәртібі түсінікті ашық, шағын және орта, соның ішінде жеке қосалқы шаруашылықтарға қолжетімді болуы айрықша маңызды. Алайда, шағын шаруашылықтар барлық ауыл шаруашылығы өнімінің 70 пайызын өндіретініне қарамастан, субсидиялаудың қолданыстағы жүйесі ірі агроқұрылымдардың игілігі үшін жұмыс істейтіні байқалады. Осыған орай сенаторлар меншік нысанына қарамастан ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер мен жеке қосалқы шаруашылықтарды қолданыстағы субсидиялаудың негізгі тетіктеріне қосуды, алдағы уақытта субсидиялаудан арзан және ұзақ мерзімді кредиттеуге біртіндеп көшіруді, әр өңір бойынша табиғи-климаттық ерекшеліктеріне қарай сараланған субсидиялауды қарастыруды, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің субсидияларды пайдалану тиімділігін бағалау тетігін жетілдіруді ұсынды.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

АГРОӨНЕРКӘСІПТІ ДАМУЫНҒА ЖОЛЫ ҚАЙСЫ?

ОЙ ТАЛҚЫ
(Соңы. Басы 1-бетте)



Дәуренбек МӘЖИТОВ, Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, экономика ғылымдарының кандидаты:

– Ол дамыған елдерде бар. Агроөнеркәсіпті қаржыландыратын бұл банк барлық елде мемлекеттің қолдауымен ғана жұмыс істейді. Егер бізде де мемлекеттің үлесі бар ауыл шаруашылығы банкі ашылатын болса ондағы көп мәселені шешуге болады. Ал ауыл шаруашылығын микроқаржы ұйымдары арқылы қаржыландырады дегенді 30 жылдан аса банк, қаржы саласында жұмыс жасаған адам ретінде өз басым еш түсінбеймін.

Банктердің ауыл шаруашылығына қаржы салмайтын себебі онда тәуекел өте жоғары. Қазір біздің елімізде 28 банк бар болса, оның ішінде тек Отбасы банк қана мемлекеттік. Егер өзге банктер өзі мүдделі болмаса ауыл шаруашылығын қаржыландыруға қанша күштегсе де ештеңе шықпайды. Өйткені, мүдде болу үшін механизм жасау керек. Субсидияны қашан, қалай беруді шешу қажет. Бұл шешілмегендіктен осы уақытқа дейін әр көзден берілген субсидияны қалай жұмсалып жатқанын елдің бәрі біледі. Ондағы трлн-даған қаржы тиімсіз жұмсалғандықтан, елде әлі күнге дейін азық-түлік қауіпсіздігі қамтамасыз етілмей отыр. Жалпы, нарықтық заманда қаржылық қатынастардың бәрі нарықтық заңдылықпен реттелуі керек. Яғни, сұраныс пен ұсыныс заңымен. Бізде ол бұзылған.

Дулат ТАСТЕКЕЕВ, «TASSCREDIT» компаниясының бас директоры:



– Егер ауыл тұрғындары жылдам ақшаны көлік сатып алуға не үй сатып алуға емес, жүргізіп отырған кәсіптерін дамытып, қарызын өндірген өнімімен жабатын болса микроқаржы ұйымдарының әлеуеті өте зор. Бұл үшін ең алдымен мемлекет тарапынан микроқаржы ұйымдарын қаржыландыру процесі дұрыс жүзіленуі керек. Одан кейін барып халық микроқаржы ұйымдарының беріп отырған өніміне дұрыс көзқараспен қарап, оны қалай қолданып, одан өздеріне қалай пайда табуды да білуі керек. Мәселен, біз «Дамумен» жұмыс істейміз. «Даму» бізге жылына 9 пайыздық мөлшерлемемен қаржы береді. Біз оны 18 айға дейін 25 пайызбен береміз. Жылдам қаржы көптеген кәсіпте тиімді. Себебі, ақшаға айналым керек қой.

ҚР Президентінің жолдауында бұл мәселе бойынша микроқаржы ұйымдарының әлеуетін іске қосу керек деп Ұлттық банк пен Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне шешімдер топтамасын әзірлеуге тапсырма бергенін білеміз. Бірақ бізден осы уақытқа дейін пікір сұраған ешкім болған жоқ.

Сауалнаманы дайындаған Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ, «Заң газеті»

ДӘУІРЛІК ДАТАҒА АРНАЛҒАН ТАРТУ



Жақында Конституциялық Кеңес, Республика Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия, А.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті және Сорбонна-Қазақстан институтының ұйымдастыруымен «Қазақстан Республикасы Конституциясының адам мен азаматтың құқықтары және бостандықтарын қамтамасыз етудегі рөлі» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Шараны Конституциялық Кеңес төрағасы Қ.Мәми құттықтау сөзбен ашып, БҰҰ Бас Ассамблеясы қа-

былдаған Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы жеке адам құқықтарының халықаралық негізіне

айналғанын және ұлттық Конституция мазмұнына әсер еткенін атап өтті. Сондай-ақ, ҚР Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия төрағасы И.Рогов және Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры Е.Сыдыков құттықтау сөздерін айтты.

Форум барысында Қ.Мәмидің редакциясымен жарыққа шыққан «Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы» атты 2 томдық академиялық курстың тұсаукесері болды. Басылымды таныстыра отырып, Қ.Мәми оның республика Тәуелсіздігінің отыз жылдығы дәуірлік датасына арналған сыйлық ретінде дайындалғанын атап өтті. Академиялық курстың авторлық ұжымын Конституциялық Кеңестің мүшелері, Қазақстанның жоғары оқу орындары мен ғылыми мекемелердің белгілі конституционалист-ғалымдары құрайды.

Дөңгелек үстел аясында Адам құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың конституциялық негіздері мен кепілдіктері, құқық үстемдігі және азаматтық қоғам мәселелері талқыланды.

Конституциялық Кеңестің баспасөз қызметі

ТАБЫСҚА ТОЛЫ ЖЫЛДАР

Халқымыздың ғасырлар бойы аңсаған Тәуелсіздігіне 30 жыл толып отыр. Осы аралықта Қазақстан бүкіл әлем таныған, төрткүл дүниенің төрінен ойып орын алған ілгері елге айналды. Мемлекетіміз егемендігін жариялағаннан кейін елеулі табыстарға қол жеткізді.

Тәуелсіздік жылдарында сот билігі де құқықтық мемлекеттің қажеттілігіне және заман талабына сәйкес жетілдіріліп, бірқатар өзгерістерді бастан кешірді. «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» конституциялық заңының қабылдануы ұлттық сот жүйесіндегі тарихи елеулі оқиға болды. Жаңа заң егемен еліміздің тәуелсіз сот жүйесін жетілдіруде айтарлықтай үлес қосты. Осы уақыт аралығында мамандандырылған сот-

тар құрылды, үш сатылы сот жүйесі жұмыс істей бастады, соттарда цифрлы технологиялар, түрлі жобалар қарыштап дамыды. Бұдан өзге де шаралардың барлығы еліміздің тәуелсіздігін нығайту мен ел азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталаып отыр.

Тәуелсіздікті қастерлеу, ұлттық рәміздерді ұлықтау, өркениетті елдер қатарына қосылу, мәдениеттің биік шыңына көтерілу – біздерге қойылған міндет. Себебі, тәуелсіз еліміздегі бейбітшілік пен келісім, бостандық пен еркіндік – біздің ең басты байлығымыз. Егемен еліміздің Көкбайрағы биікте самғап, тәуелсіз мемлекетіміздің абыройы мен атақ-даңқы өрлей берсін!

Исағали ТҰҢҒЫШБАЕВ,
Жаңақорған аудандық сотының судьясы
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

БІЛІМДІГЕ ДҮНИЕ ЖАРЫҚ

«Білімдіге дүние жарық, Білімсіздің күні ғаріп» деген бабалар тағылымының шындығына күн өткен сайын көзіміз жетіп келеді. Әсіресе, қазіргідей жаңа технология дамыған заманда білімге, білімді ұрпаққа деген сұраныс артуда. Бүгінгі заманда табиғи байлық емес, адамның білімі жоғары бағаланады. Сондықтан Қазақстанда да білім саласына ерекше көңіл бөлініп, талапты, талантты жастарды қорғаудың, қолдаудың мүмкіндіктері толық жасалып келеді. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасының негізгі мақсаты да осымен үндес.

Бүгінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес ұлттық жобалар бойынша жұмыстар кешенді түрде жүргізіліп отыр. Соның ішінде «Білімді ұлт» ұлттық жобасы білім беруді дамыту тұжырымдамасымен сабақтас. Бұл жоба осы күнге дейін білім беру саласында кездескен олқылықтарды оң шешіп, кемшіліктерді жойып, салаға серпін беретін тетіктерді жандандыруды көздейді. Ауыл мектептерін жан басына қаржыландыру көзін енгізу, ұстаздар еңбекақысын арттыру мәселесі де біртіндеп шешімін тауып келеді.

Ұлттық жобада білім саласын жетілдіруге ықпал ететін мәселенің барлығы ескерілген. Мәселен, балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамту, қалалық және ауылдық мектептер арасындағы оқыту сапасындағы алшақтықты азайту, оқушы орындарының

тапшылығы проблемаларын шешу үшін мектептер салу, қауіпсіз және жайлы білім беру ортасын құруға бағытталаып отыр. Жобаға сәйкес сапалы білім алуға қолжетімділікті артпақ. Ел азаматтары балабақшадағы кезектің біртіндеп шешімін тауып, мектепке дейінгі білім мекемелеріндегі жағдайдың түзелгенін көріп, біліп отыр. Сондай-ақ, мектепте сапалы білім беруге бастайтын оң өзгерістер де көңіл қуантады. Ал қолжетімді техникалық және кәсіптік біліммен қамтамасыз ету мәселесінің назарға алынуы жастардың өмірден өз орнын табуына, кәсіпсіз қалмауына көмектескені ақиқат.

Ұлттық жобадағы негізгі міндеттің тағы бірі қазақстандық жоғары оқу орындарының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға арналған. Соған орай Назарбаев университетінің тәжірибесі бойынша 20 академиялық артықшылық орталығы (15 өңір-

лік және 5 педагогикалық ЖОО) және 2 жетекші ЖОО құрылады. Тағы бір шешімін тапқан мәселе – 2025 жылдың соңына дейін шетелдік жоғары оқу орындарының 5 филиалын ашумен байланысты. Қазір білімді, талантты жастарды шақыратын шетелдік оқу орындары аз емес. Еліміздегі талапты жастардың шетелге қызығып барып, сол жақта қалып қалуының алдын алуда осы филиалдарының көмегі көп. Осы жоба шеңберінде біз жақсы оқитын жастардың шекара аспай-ақ өз елінде сапалы білім алуына мүмкіндік туғызамыз. Бұл жастардың елден кетуін қысқартады.

Осындай оң істерге әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің заң факультеті де мұрындық болып келеді. Біз ұлттық жобада қойылған міндеттерді мінсіз орындай отырып, өз шәкірттеріміздің қоғамнан өз орнын табуына, білімін сауапты істерге бағыттауына қол ұшын созуға тиіспіз. Өйткені бүгінгі шәкірт – ертең білім ордасының негізгі бет-бейнесі болады. Қуанарлығы, біздің түлектер ҚазҰУ-дың атын тек жақсы жағынан танытуда.

Динара ТҰРСЫНҚҰЛОВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
заң ғылымдарының кандидаты

ТАРАЗЫ

Төңірдің берген ең үлкен сыйы – тәуелсіздікке жету халқымыздың ең асыл арманы. 30 жыл бұрын қол жеткізген Тәуелсіздік бізге «әлеуетіміздің асып, дәулетіміздің тасуына» жол ашты. Дегенмен, тәуелсіздік бізге үлкен жауаптылық артты. Себебі, енді аяғынан қаз тұрған жас мемлекеттің барлық саласын бір сәтте жүйелеу оңай шаруа емес еді. Сол секілді сот билігінің қалыптасуы және құқықтық жүйенің орнығуына да біраз күш пен уақыт кетті.

ТӨҢІРДІҢ БЕРГЕН ЕҢ ҮЛКЕН СЫЙЫ

Мемлекетіміздің социалистік қатынастарға негізделген жоспарлы экономикадан нарықтық қатынастарға негізделген экономикаға көшуі жағдайды одан сайын ауырлатты. Уақыт өте келе сындарлы саясаттың арқасында ауыртпалықтар артта қалды. 1994 жылы ақпанда сот органдарының қызметін реттейтін құқықтық реформаның мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Төменгі соттар мен Жоғарғы Соттың өкілеттігі нақтыланды. Бірыңғай сот практикасы қалыптаса бастады. Ата Заңның 1995 жылы жаңадан қабылдануы құқықтық реформаны одан әрі жетілдіре түсуге жол ашты. Соттар бұрынғыдай 10 жыл емес, зейнеткерлік жасқа дейін қызмет істеуге тағайындалатын болды, соттардың тәуелсіздігі мен қауіпсіздігіне кепілдік берілді. Сотты сыйламауға қатысты жауапкершілік көзделді. Бұл соттардың беделін, статусын бұрынгыдан да көтере түсті. Ал 1995 жылдың желтоқсанында «Қазақстан Республикасындағы соттар мен соттардың мәртебесі туралы» Жарлыққа қол қойылды. Осыдан бастап алғаш рет «сот билігі» ұғымы ресми түрде қолданысқа енді. Айта кету керек, осы жылы заңның үстемдігін қамтамасыз ететін Конституциялық Кеңес құрылды.

Сот жүйесін реформалау осыдан кейін жүйелі түрде кезең-кезеңімен жүргізілді. Соттардың тәуелсіздігін нығайту мақсатында 2000 жылы Әділет министрлігінен соттардың қызметін қамтамасыз ететін сала бөлініп шығып, Жоғарғы Сот жанынан комитет болып қайта құрылды. Бұл соттардың ешқандай мемлекеттік органдарға бағынысты болмауын біржола шешті.

2000 жылы желтоқсанда «Сот жүйесі және соттар мәртебесі туралы» Конституциялық заң қабылданып, онда сот жүйесінің құрылым тәртібі мен қағидалары, соттардың құқығы мен мәртебесі айқын көрініс тапты. Сот – құқық сарапшыларының шет елдік, халықаралық жү-

йелерді зерделей отырып, соттарды мамандандыру туралы ұсыныстары қолдауға ие болды. 2006 жылдың қантарында «Алқабилер туралы» заң қабылданып, ауыр қылмыстық істер алқабилердің қатысуымен қаралатын болды. Жалпы сот жүйесі озық халықаралық тәжірибелерді қолданысқа енгізе отырып, 2007 жылдан бастап сот процестерін еуропалық модельде жүргізуге көшті. Сот билігі үшін дамудың келесі кезеңі 2010–2020 жылдарға арналған құқықтық саясат тұжырымдамасына сай іске асырылды.

Соңғы он жыл соттардың материалдық-техникалық, ақпараттық жұмысын жақсартуға бағытталды. Соттар шын мәнінде ашықтық пен қолжетімділікті қамтамасыз етті. Ал 2021 жыл әкімшілік әділет институтын енгізумен басталды. Биыл республика бойынша мамандандырылған әкімшілік соттар мен әкімшілік сот алқасы құрылды. Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс қолданысқа енді. Азаматтар мен билік арасындағы жария-құқықтық даулар жеке сотта қаралуға көшті. Бұл тараптардың теңсіздік ахуалында қалмауына жол ашты.

Жалпы, сот жүйесінде қандай реформа іске асырылса да, ол ең алдымен құқықтық мемлекет негізін жетілдіруге, тәуелсіздікті нығайтуға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған. Ұлы Отанымыздың әрбір азаматы асқақ армандары мен батыл жоспарларын емін-еркін жүзеге асыра алатын, мемлекеттің қорғауында болатын, ел ішінде тәртіп орнаған, заңын сыйлайтын қоғамда өмір сүруге құқылы. Тәуелсіз ел мәңгілік болуы үшін барлық салада тоқтаусыз күрес, ілкімді істер, ауқымды реформалар іске асырыла береді. Бұл Тәуелсіздік дәуірінің даму кезеңі.

Нұрсапа ПРИМАСHEB,
Маңғыстау облыстық сотының судьясы



ҚАРА ЖОЛ «ЕРКЕЛІКТІ» КӨТЕРМЕЙДІ

Жол-көлік апаттарының көбеюі әлі күнге өзекті мәселе. Апаттардың алдын алу үшін қаншама амалдар жасалғанымен, өзгеріс көңіл көншітпей отыр. Жауапсыз жүргізушілерге айыппұлдың өсуі де, жазаның күшейтілгені де, көлік жүргізу құқығынан шектелетіні де пәрменді әсерін тигізбеуде. Көлікті алкогольдік, есірткілік, психотроптық дәрілердің әсерінен мас күйінде тізгіндейтіндердің ессіз әрекеті тіпті сорақы. Олардан қоғамға келер зиян орасан.

Мысалы, биылғы жылдың алғашқы бес айында мас болып көлік жүргізгені үшін 8.5 мыңнан астам жүргізуші әкімшілік жауапқа тартылған. Әкімшілік полиция қызметкерлері күніне 70 мас жүргізушіні ұстайды. Ең сорақысы, көлікті мас күйінде жүргізгені үшін әкімшілік жауаптылыққа тартылғанына қарамастан, кейбір тұлғалардың араға жыл толмай жатып осы қателігін қайталап қолға түсуі жиілеген.

Мас жүргізушінің ортаға қауіпі жоғары. Бұл әрекет саналы түрде адам өміріне қастандық жасаумен теңдей. Өйткені ішімдік ішкен, есірткіге мас болған адамның өз ісіне жауап бере алмайтыны белгілі. Осы ессіз әрекеттің кесірінен қаншама жол апаттары орын алып, қаншама адам мүгедек болуда. Қара жолда қара жамылған отбасылар қаншама. Міне соған орай Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ішімдік ішіп рөлге

отырғандардың жазасын қатайтуды тапсырған болатын. Президент тапсырмасынан кейін көлік рөліне мас күйінде қайталап отырғандардың жауаптылығы қатандатылды. Бұрын мұндай әрекет Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекспен сараланатын. Ал енді мас жүргізушінің сот қаулысынан кейін қателігін қайталап, көлікті қайта ішіп алып жүргізуі қылмыстық теріс қылық ретінде бағаланып, жаза Қылмыстық кодекстің 346-бабына сәйкес белгіленетін болды.

Яғни, бұрын көлік рөліне қайталап ішіп отырғандар 8 жылға жүргізуші куәлігінен айырылып,

20 тәулік әкімшілік қамаққа алынатын болса, енді көлік құралдарын басқару құқығынан айырылған және алкогольдік, есірткілік және уытқұмарлық масаң күйдегі адамның көлік құралын басқаруы белгілі бір жауапкершілікке ие болса, егер белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойы айыра отырып, бес мың АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не бір мың екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға алып келеді.

Көлікті мас күйінде басқарғаны үшін әкімшілік жаза алған адамның ойлануға, теріс әрекетін қайталамауға мүмкіндігі бар. Алайда, өз қатесінен сабақ алмағандар кейінгі өзгеріске сай өмір бойы көлік жүргізу құқығынан да ажырайтынын еске салғымыз келеді. Көлікке отырған жүргізушілер өзінің ғана емес, айналасындағылардың өмірі үшін жауапты екенін ұмытпағаны абзал. Соған орай сот судьялары кездесе, қабылдаулар ұйымдастырып, халықтың көкейінде жүрген сауалдарға жауап беруге, заңнамаларды түсіндіріп, жол көрсетуге уақыт бөліп келеді. Бұл жүргізушілердің жолда жүру мәдениетін арттырып, жол апаттарының алдын алуда айтарлықтай ықпалды.

А.ИХЛАСБАЙҚЫЗЫ,
Алматы қалысы Жетісу аудандық №2 сотының судьясы

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының елімізде үлкен серпін тудырғаны ақиқат. «Рухани жаңғыру» арқылы өзіміздің өткенімізге, ата-бабалар дәстүрі мен тарихына өзгеше көзқарас қалыптаса бастады. Жасыратыны жоқ, өткен тарихымызды жаңғыртуда тың бастамалар қажеттігі айқын болатын. Бағдарлама осы кем-кетігімізді толтыруға үлкен серпіліс берді, жаңа идеяларға жол ашты.

Ал, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Елдіктің жеті тұғыры» атты қағидаттар жиынтығы сол «Рухани жаңғыру» аясында көтерілген маңызды аса ауқымды мәселелердің заңды жалғасындай және аясы кеңейтілген, ендігі мемлекеттік саяси ұстаныммен замана талабына қарай бейімделе қарастырылған бағдарлама ретінде әсер етуде. «Елдіктің жеті тұғырының» әрқайсысына жекелей үңіліп, ой тербетейік.

«Тәуелсіздік – кез келген азамат үшін ең қастерлі құндылық»

Тамыры терең тарихымызға құрметпен қарап, мемлекетімізді қадірлеу, оны көздің қарашығындай қорғау – әрбір қазақстандықтың міндеті». Сөз жоқ, біздің ұлы байлығымыз – тәуелсіздік.

Оған қуанып, көңілге тоқ санап, жай-барақат жүре беру аз, біз оның сақталуы үшін әрекет қылуымыз қажет. Ашықауыз баланың қолындағы нанынан оңай айырылып қалатыны секілді, тәуелсіздіктің бағасын білмесең, қадіріне жетпесең оны жоғалтып алуымыз әбден мүмкін. Халқымызда «жаман айтпай, жақсы жоқ» деген ұлағатты ұғым бар. Өйткені, казак елінің тәуелсіздігі шымбайына батып жүрген, көре алмайтын, еліміздің ұланғайыр даласының астыүсті толған байлығына көз сүзетіндер аз емес. Сондықтан, «тәуелсіздігімізді жарияладық, енді бізге ешкімнің тісі батпайды» деп салғырттыққа салынуға болмайды және тәуелсіздікті көздің қарашығындай сақтауға атсалысу тек мемлекет басшыларының ғана шаруасы десек қателесеміз, оны әрбір қазақ елінің азаматы жанын салып қорғауға, тұғырын бекіте түсуге үлесін қосуға тиіс. Сондықтан, біз Елбасының жеті тұғырының ең бастысы етіп, тәуелсіздікті бірінші орынға қоюын аса парасатты әрі маңызды шешім деп ұғамыз.

«Бірлік пен келісім – елдігіміздің мызғымас тұғыры»

Бұл да жеті тұғырдың аса маңызды қағидаты деп қабылдаймыз. Бірлік мәселесін – қазақ ел болғалы назарда ұстаған, бұрынғы өткен хандарымыз да осы үшін түн ұйқысын төрт болген.

Ал қазіргі мемлекеттік саяси ұстаным бағытында бірлік пен келісімнің маңыздылығы еселеп артып отыр. Этникалық әр-алуандық – Қазақстан мемлекетінің ең басты ерекшеліктерінің бірі. Сондықтан, Елбасы аса мән беріп атап өткендей, «бір шаңырақтың астында тату-тәтті ғұмыр кешіп, татулық пен



Досжан ӘМІР,
Ақмола облыстық сотының төрағасы

«ЕЛДІКТІҢ ЖЕТІ ТҰҒЫРЫ» – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ КЕПІЛІ

сыйластықты» сақтай білу – біздің еліміз үшін басты бағыт, ұстанымымыз. Сондай-ақ, Конституцияны қастерлеу, мемлекеттік тілді білу, ұлттық құндылықтарды қадірлеу қағидаттары да осы екінші тұғыр аясына енген. Түсіне білсек Елбасы бірінші тұғыр еткен –тәуелсіздікті сақтау, жанымызды салып қорғау үшін де біз осы Ата Заңымызды қастерлей білуіміз керек, мейлі, елімізде тұрып жатқан кандай ұлт болсын мемлекеттік тілде сөйлеуге міндеттелуге тиіс. Өйткені, бұл ел мен жерге құрмет, тіпті, өзіне деген құрмет болып саналуы керек. Сондықтан, біз бұл мәселелердің елдіктің жеті тұғырына енгізілгеніне аса қуанамыз. Бұл біздің кем-кетігімізді толтыра түсер маңызды тұғыр.

«Жер – ата-баба мұрасы, халық қазынасы»

«Жерден қасиетті ешнәрсе жоқ. Қазақ үшін ел мен жер – тұтас ұғым. Тарихымыздағы соғыс атаулының бәрі ел мен жерді қорғау үшін болған». Елдіктің жеті тұғырының бәрі де маңызды екеніне сөз жоқ, бірақ жер мәселесі – біздің ең жанды жеріміз екені ақиқат.

Елбасы да осы тұғырлардың ішінде жер туралы тіпті, нақтылап, біздің еліміз үшін «Жер» ұғымының аса жоғары, аса мәртебелі саналатынына назар аударыпты, бұл маңызды тұғырдың да қағидаттар жиынтығына орымен енгізілгендігіне шексіз ризалығымызды білдіреміз. Байтақ даласын сүймейтін қазақ баласы жоқ. Осы жерде біздің ата-бабамыздың қаны төгілді, еңбек етті, қаншама ғасырлық тарихы өтіп келеді. Сондықтан да, жер бізге бәрінен де қымбат.

«Отбасы мен салт-дәстүр – қоғамның алтын дінгегі»

Ең алдымен, маған бұл тұғырда отбасы мен салт-дәстүрдің сабақтастырыла, қатар алынғаны ұнады. Шынында да, салт-дәстүріміздің берік тұғыры – отбасы екендігі сөзсіз.

Әркім өз шаңырағында өзінің ұлттық дәстүрін, ата-бабамыздың өнегесін сақтай білсе, мемлекетіміздің де тұғыры нығая түспей ме?! Өткенімізге үңіліп отырсақ, біздің ұлтымыз бала тәрбиесіне аса мән берген. Халықтық педагогика дегеніміздің өзі біздің ата-бабамыздың өнегелі жолы арқылы, берік ұлттық ұстанымы, адамгершілік қарым-қатынасы, өзара сыйластығы, мәдениеті, иман тазалығы арқылы қалыптасқаны белгілі. Тек, жасыратыны жоқ, кеңестік дәуірде сол ұлттық тамырымыздан ажырап, үзіліп кетуге сәл-ақ қалдық. Енді соларды қалпына келтіру – бүгінгі ұрпаққа зор міндет. Осынау қағидат яғни, жеті тұғырдың төртіншісі – біздің осы мақсат-мүддемізге сай бейімделген екен, өте қуанышты, тіпті сүйінішті десек те болады.

«Ұлттық мәдениет – халықтың рухани тірегі»

Кешегі империялық дәуірде жоғалтуға айналған басты байлығымыз – ұлттық мәдениет екені рас. Бір сүйсінгеніміз, Елбасы жеті тұғыр қағидаттарын атап қана көрсетпейді, оның неге тұғыр етіп алынып отырғандығын ашып, жан-жақты түсіндіреді.

Мысалы, бесінші тұғырға – Ұлттық мәдениетті белгілей отырып, әрі

қарай: «Біз тамыры тереңнен бастау алатын ұлы көшпенділердің ұрпағымыз. Болмысы ерекше, рухани-мәдени мұраларға бай халықпыз. Қазіргі таңда жаһандық бәсекеге қабілетті болу үшін бірегей ұлттық мінез, асқақ рух керек. Мұндай қасиеттер тарихты білу, мәдени құндылықтарды тану арқылы келеді» дейді. Шынында да, біз бірегей ұлттың мінезін асқақ рухын жоғалтып алған жоқпыз ба? Сондықтан да, «жалғыздың үні шықпас, жаяудың шаңы шықпас» дегендей, егер мыңдардың ішінде ұлттық мінез бен асқақ рух кездесіп қалса, ол жалғыздықтан жапа шегеді, өйткені, көптің аты көп, салмағы басып кетеді, қолдау таппағаннан кейін әлгі мыңмен жалғыз алысқандардың жігері құм болады. Көп болып жұмылып қолға алатын үлкен мәселеміздің бірі – осы.

«Білім мен еңбек – бақуатты өмірдің кілті»

«Өзіне сен, өзінді алып шығар, еңбегің мен ақылың екі жақтап»

деп дана Абай атқандай біз тек өз біліміміз бен күшімізге сенуіміз керек». Бұл енді біздің ұлтқа ғана қатысты емес, адамзаттық мүдде.

Бірақ, сөз жоқ, біздің еліміз үшін аса қажетті алғышарт, ең негізгі қозғаушы күш екендігі сөзсіз. Әсіресе, Тәуелсіз Қазақстан үшін білімді де еңбеккор ұрпақ өсірудің маңыздылығы уақыт өткен сайын байқалып келеді. Еңбек еткен ұрпақ, масылдық көзқарастардан арылар еді, ал білімді ұрпақ өзінің ғана емес, елінің жағдайын ойлауға бейім келеді.

Елбасы білім мен еңбектің қазіргі қоғамдағы рөлі туралы былай дейді: «Мен жалпыға ортақ еңбек қоғамын құру туралы идеямда оның бес принципін – эволюциялық даму, ортақ жауапкершілік, өзара серіктестік, ын-таландыру мен кәсібилікке ұмтылуды атап көрсеттім. Онсыз кез келген қоғам көштің соңында қалуы мүмкін. Ендеше табыстың кілті үздіксіз білім алу мен тынымсыз еңбек етуде. Адал еңбек қана адамды мұратына жеткізеді».

Елбасы, міне, аз сөзбен соқырға таяқ ұстатқандай етіп білім мен еңбектің қазіргі кезеңдегі орны, маңыздылығы туралы ой түйіп, қорытындылап кеткен. Біз осыларды әсіресе, оқу-білім ордалары, мектептер басшылыққа алуға тиіс деп ойлаймыз. Өйткені, бұл ойларды көп ұзамай-ақ ұясынан талпынып ұшатын шәкірттер бойына сіңіріп алса, олардың азаматтық мініз-құлқы да соған ыңғайланар еді деген ой туады.

«Прагматизм – бәсекеге қабілетті болудың кепілі»

Елдік тұғырдың ең соңғы – жетінші қағидаты осылардың ішіндегі ең заманауи, қазіргі қоғамдық

өзгерістерге сай алынып отырған ең жаңашыл бағыт болуы керек.

Шынында да, отызжылдық белестерді басып өткен тәуелсіз Қазақстан енді әлемдік деңгейдегі озық үдерістерге ілесуге бәсекелестікке қабілеттілігін арттыра беруге тиіс. Бұл орайда Елбасы жетінші тұғыр қағидаты туралы ойын былайша өрбітеді. «Біз қолда бар ресурс пен мүмкіндікті пайдалануға, нәтижелі жұмыс атқаруға және көздеген мақсатқа тиімді қол жеткізуге тырысуымыз керек. Қазір елімізде жастардың өзін-өзі дамытуына, білімін жетілдіріп, сүйікті ісімен айналысуына мүмкіндік мол. Сондықтан прагматизм принциптері бойынша барынша қанағатшыл, үнемшіл, ұстамды болып уақытты орынды пайдаланған жөн».

«Елдіктің жеті тұғыры» атты қағидаттарын осылайша жүйелеп, нақтылап, тіпті қысқаша аражігін ашып, айқындап түсіндіріп, көрсете келіп Елбасы ойын былайша қорытындылайды: «Осылайша, біз Тәуелсіздігімізді

баянды етіп, ел тұтастығын сақтап, отбасылық құндылықтарды жаңғыртып, ұлт мәдениетін насихаттап, терең білім мен адал, еңбекке ден қойған жасампаз ел боламыз».

Біздіңше, Елбасының «Елдіктің жеті тұғыры» қағидаттары мейлінше тұжырымды, қысқа да нұсқа түрінде ел назарына ұсынылып отыр. Бір көкейге қонғаны алға қойған мақсаттар мен міндеттер. Осылайша жеті тұғырлық қағидаттар қолмен қойғандай жүйеленіп, өте түсінікті, өте айқын анықтамалық сипатта берілген. Ешқандай артық сөз жоқ. Жұп-жұмыр, жинақы да ықшам бұл бағдарламаны тез арада меңгеріп, ұзын-ырғасымен танысып шығуға да қолайлы екен. Бұл да заман талабы деп ұғамыз, өйткені, сәт сайын өзгеріп, алмасып, ауысып, тоқтаусыз даму, өсу үстіндегі қоғам көпсөзділікті, шұба-лаңқылықты көтермейді.

Демек, «Елдіктің жеті тұғыры» қағидаттарын басшылыққа ала отырып жұмыс атқару, өзінің қызметтік бағытын айқындау басшылық ұйымдарға да, оқу орындарына да, ұстаздарға да, шәкірттерге де тиімділігін айрықша атап, баса көрсетуіі борышымыз деп ұғайық. Міне, біз Елбасының «Елдіктің жеті тұғыры» қағидаттарын қолға алып, шұқшия үңіліп, санамен салмақтағандағы әуелгі келген ойлар осы болды.

«Елдіктің жеті тұғыры» қағидаттарының Тәуелсіз еліміздің болашағына, дамуына қызмет етеріне сеніміміз зор.

ПАЙЫМ

16 желтоқсан – қазақ халқының ең асыл мұраты, ең тәтті арманы орындалған күн. Бодандықтан арылып, өз алдына тәуелсіз мемлекет болуды бабаларымыз қанша уақыт аңсады. Өзі азат болмаса да ұрпағының ешкімге жалтақтамай, біреуге кіріптар болмай күн кешуін ойлаған ата-бабамыздың арманы осыдан отыз жыл бұрын шындыққа айналды. Сан ғасырлық аманаттың орындалғанына да биыл отыз жыл толған екен. Ал осы жылдар ішінде мемлекетте не істелді, кандай жұмыстар атқарылды, нендей жетістігіміз бар деген сұрақтарға енді жауап берілетін кез келгені түсінікті. Ол үшін тарихқа шегініс жасап, өткеніміз бен бүгінімізді салыстырсақ жетілікті.

Өзге салаларды былай қойғанда, тәуелсіздік жылдарында отандық сот саласы үлкен жаңғыртуларды басынан кешірді. Қазіргі сот жұмысының сапасы, әлеуметтік-материалдық жағдайы, мәртебесі мен беделі жыл өткен сайын артты. Құрылымның ашықтығы, қол жетімділігі, жеделдігі жылдан жылға жоғарылап келеді. Өркениетті елдердің өлшеміне сай дамып жатқан сот са-

АЛАШТЫҢ АРМАНЫ ОРЫНДАЛҒАН КҮН

ласында бүгінгі күнге дейін маңызды заңнамалар ретімен қабылданды. Заң шығармашылығы, құқықтық сауаттылық жағынан да мемлекетте ілгерілеу бар. Сот процестеріне журналистердің кедергісіз қатысуы, судья тәуелсіздігіне кепілдіктің берілуі, жаңа технологияның арқасында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің жойылуы ерекше атап өтуге тұрарлық жетістік.

Осындайда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың: «Тәуелсіздіктің бәрімізге артар міндеті мол. Енді еңселі ел болудың жолына шындап түсуіміз керек. Әлеуетіміздің асуы да, дәулетіміздің тасуы да өз қолымызда. Кең-байтақ жеріміздің байлығы осы даланың түпкілікті халқына да, тағдыр қосып, бірге өмір сүріп жатқан өзге ұлт өкілдеріне де молынан жетеді. Тарих көші ұзақ. Асықсақ та аптықпайық. Қазақстанның көп ұлтты халқының жұлдызы жоғары болатынына, туған елімізде дәулетті де сәулетті өмір орнайтынына кәміл сенемін» деген сөздері еріксіз еске түседі. Шынында Қазақстан бүгінгідей биігіне



бірліктің, отаншыл азаматтардың арқасында қол жеткізді. «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара білген» халқымыз қиын күндерде бірлігінен ажырамады, сын сағатта сүрінбеді. Елбасы біреу болғанмен, халық оған тіреу болды. Мұндай отаншылдық, елдік рухты кез келген саладан байқау қиын емес. Сот саласындағы жетістіктерге де

осындай бірліктің нәтижесінде қол жеткіздік. Тәуелсіздік тізгіні қолына енді тиген елде жаңа реформаларды жүргізу оңайға соққан жоқ. Мемлекеттің қалыптасуы, ең алдымен, биліктің мемлекеттік институттарын құрудың, жалпы халықаралық деңгейде танылудың, әртүрлі дүниежүзілік ұйымдарға кірудің қажеттілігін көрсетті. Біз сол

меженің барлығын үйлестірдік. Қазіргі қазақстандық сот өскен, өзгерген, жаңғырған. Сот табалдырығын аттаған азаматтардың барлығы саладағы жаңалықтарға оң бағасын беріп жатады. Қарапайым азаматтар арасында жүргізілген сауалнамалардың өзі сотқа деген сенімнің өсіп, сот жұмысындағы сапаның артқанын айғақтайды. Бұл көпшіліктің бағасы. Сот жүйесінде болған түбегейлі өзгерістер баршаның сотқа қолы жетуін қамтамасыз етіп қана қоймай, кез келген тұлғаның өз құқығын сот арқылы жүзеге асыруына жол ашты. Тәуелсіздіктің отыз жылында атқарылған ауқымды шаралар алдағы уақытта да жалғасын тауып, мемлекеттің нығаюына, ел азаматтарының құқықтық сауатын арттыруға, әділ төрелікке деген сенімнің орнығуына қызмет етеді деген ойдамын.

Шынар АБИЛХАСОВА,
Жаңаөзен қалалық сотының
кеңесе меңгерушісі
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

Қазақ халқы өзінің тағдырлы тарихында егемендікке оңайлықпен қол жеткізген жоқ. Небір кәубет заман мен қилы кезеңді бастан өткерді. Тәуелсіздікке жетуде жұртымыздың жүріп өткен жолы өте ауыр. Ата-бабаларымыз ғасырлар бойы аңсаған азаттыққа «желтоқсан» ызғарында жаураған аға-апаларымыздың асқақ арманы жол салғаны тарихи шындық. 1986-ның желтоқсаны, ондағы қазақ жастарының еркіндікке ұмтылған жанкешті ерлігі дүние жүзін дүр сілкіндірді. Олардың ерлігі жас ұрпаққа мәңгі үлгі.

БАҒА ЖЕТПЕС ҚҰНДЫЛЫҚ

Қазақстан тәуелсіздік алысымен жалпыхалықтық дауыс беру жолымен елдің көшбасшысын сайлап, «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» заңын қабылдады. Ата Заңы мен мемлекеттік рәміздерін бекітті. Халқымыздың қаһарман ұлдары ғарышты бағындырды. Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болдық. Ұлттық қауіпсіздік қамтамасыз етіліп, елді қорғауға қабілетті қарулы күштер құрамы жасақталды. Ең бастысы, мемлекет шекарасы айқындалып, тарихымыз түгенделді.

Тұңғыш Президенттің бастама-сымен мемлекетімізде түрлі іс-шаралар, саяси, экономикалық, әлеуметтік реформалар қарқынды жүзеге асырыла бастады. Егемендікті одан әрі нығайтатын маңызды мемлекеттік актілерге қол қойылды. Солардың атап айтарлығы, Қазақстанның ядролық қарудан бас тартуы болды.

30 жылда әлем елдерімен тең деңгейде байланыс орнаттық. Республи-камыз 56 елді біріктірген Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына мүшелікке өтті. 2010 жылы Қазақстан ТМД елдерінің ішінде бірінші болып аталған ұйымға төрағалық

етті. Республикамыз Дүниежүзілік сауда ұйымына кірді. Қазақстанның 2022–2024 жылдарға БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі кеңесінің мүшесі болып сайлануы беделімізді одан әрі асқаттатты.

Елбасы айтқандай, біз тәуелсіздікпен бірге тілімізді түлеттік, дінімізді өркендеттік, тамырымызды жалғап, салт-дәстүрімізді жаңғырттық. Білім мен ғылым жолын қуған жастарға «Болашақ» бағдарламасы арқылы шетелдерде оқу бақыты бұйырды. Бұл біздің жас республикамыз үшін үлкен жетістік болды.

Тәуелсіздік – халықтың асыл арманы. Олай дейтініміз, әлем бойынша алты мыңға тарта ұлт пен ұлыс болса, солардың екі жүзге жуығы ғана еркіндікке қол жеткізген. Тәуелсіздік – баға жетпес құндылық, бабалардың бізге қалдырған аманаты. Бұл тұрғыда академик Ж.Әбділдиннің сөзін келтірсек, «Тәуелсіздікті тек атқан таң, шыққан күнге теңеуге болады». Заңғар тұлға, академик С.Сартаевша айтсақ, «Тәуелсіздік деген сезінен қуанышты, өрісті, дәрісті сезім жоқ. Әрбір мемлекеттің өміріндегі ең бақытты шақ – Тәуелсіздік шағы».

Тәуелсіздікпен бірге сот жүйесі түбегейлі жаңғыртылды. Соттар мен сот шешімдерінің тәуелсіздігі Конституциямен айқындалды. Салада межеленген биік белестер барлық саладағы игіліктерді көздейді. Отандық сот жүйесі тәуелсіздік жылдары 35-тен аса халықаралық органмен қарым-қатынас орнатты. Бүгінде ҚР Судьялар одағы Халықаралық судьялар қауымдастығына, ал ҚР Жоғарғы Соты Сот әкімшілігі жөніндегі халықаралық қауымдастыққа мүше. Елбасының сот төрелігін қашықтан жүзеге асыру мүмкіндігін қарастыру жөнінде берген тапсырмасы толықтай орындалды.

Қазіргі таңда мемлекетіміз мақтанарлықтай беделге ие. Еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігі, тұрғындардың ынтымағы жолында жүргізіліп жатқан игі істер өз нәтижесін беруде.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев айтқандай, «Бабалардан мұра болып қалған қасиетті жеріміз – ең басты байлығымыз. Қазаққа осынау ұлан ғайыр аумақты сырттан ешкім сыйға тартқан жоқ». Сондықтан, ел еңсесін көтеріп, егемендігін жариялаған 16 жетоксан – барша қазақстандық үшін баға жетпес мереке, ең асыл күн. Тәуелсіздікті қас-терлеп, құрметтеу елімізді мекендеген әрбір азаматтың парызы.

Анар КӘРІМОВА,
Нұр-Сұлтан қаласы
мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты төрағасының міндетін атқарушы

АМАНАТҚА АДАЛМЫЗ

*Тәуелсіздік – тәңір берген байлығым,
Ол бар кезде болмайды ешбір қайғы, мұң.
Тыныш атқан әрбір таңым сыйлығым,
Тыныш батқан бақытты екен әр күнім.
Тәуелсіздік – бабалардың мұрасы,
Аналардың аузындағы дұғасы.
Бүгінгі күн тарихымның айғағы,
Ертеңгі күн өмірімнің күәсі, –*

демекші, бұл мерекенің әр қазақ үшін маңызы зор. Тәуелсіздік – бабалар армандап өткен, бағасы жоқ тым қастерлі дүние. Халқымыз бостандықты аңсап, Тәуелсіздікке зарығып жетті. Тәуелсіздік жолында аз қиыншылық көрген жоқ. Ендеше, бұл күн тарихтан ешқашан өшпейтін өнеге, өлмес мұра. Найзаның ұшымен, білектің күшімен бабаларымыз осынау елді, жерді болашаққа аманат етті. Міне, көзді ашып жұмғанша, еліміз Тәуелсіздіктің 30 жылдығын тойлағалы отыр. 30 жылда Қазақстан басқа елдерге үлгі бола білген өз алдына дербес зайырлы ел атанды. Бұл үлкен жеңістің жемісі. 1991 жылы 16 желтоқсанда егемендігін алған еліміздің өз Президенті, ұлты мен ұлысы, салты мен дәстүрі, мәдениеті мен экономикасы болды. Желтоқсанның желі мен ызғарына қарсы тұрған жастардың жалынды рухы мен ерліктерінің арқасында шаңырағы биік, керегесі кең мемлекет ретінде қалыптастық. Бүгінде біз қандаймыз?! Ұлттық рәміздері бар, өз алдына туын тіккен, ұлан байтақ



Абай БЕКБОТАЕВ,
Түркістан қалалық сотының судьясы

жерге не мемлекетпіз. Қазақстан халқы демократиялық, зайырлы ел. Азаматтардың құқықтары мен бостандықтары қорғалады. Тегін білім, тегін медицинамен қамтамасыз етілген ел. Бұның бәрі көңілімізге қуаныш ұялатады. Осы құндылықтардың кәдірін білу әрбір қазақстандықтың парызы. Сондықтан, тәуелсіздігіміз мәңгілік болу үшін кез келген адам өз тарапынан елге деген, жерге деген сүйіспеншілігін арттырып, ынтымақ пен бірліктің бұзылмауына атсалысқаны абзал. «Бірлік бар жерде, тірлік бар».

АЛАҢ ЖҰРТ

«ОТБАСЫНЫҢ БІРЛІГІ – ОТАННЫҢ БІРЛІГІ»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Іргесі бекіп, тұғыры нығайған мемлекетте жас отбасыларды қолдауға, олардың аяқтан тұрып кетуіне жәрдемші боларлықтай баспана, жұмыс, әртүрлі үйірме, аналар үйі, отбасы мектептері үздіксіз жүргізіліп жатуы керек еді. Ол кез келген қалыпты қоғамдағы міндеттер. Біз бірақ биік мінберлерден тек есептік жалған жасампаз сөздер айтудан артылмадық. Жалпы мемлекетте осы бағытты көтерерлік қандай жұмыстар атқарылды? Осы мақсатқа арналған бағдарламалардың шын қамқорлыққа мұқтаж жандарға көмектесерлік қауқары қайда?

ҚР Конституциясында: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» – делінген. Ендеше, елді бұл тұғырықтан алып шығудың жолдары қандай? Қымбат қазынаға баланған адам өмірінің осынша арзандап кетуінің себебін қайдан іздейміз, дауасы неде?

Орталықтар сапаға жұмыс істеу керек

Психолог Ғазиза Көшкінбаева бұл мәселеге қатысты «отбасы институттарын күшейтуді дереу қолға алу қажет» – деп есептейді. «Ол отбасын нығайтуға арналған институттарды барлық бағытта іске қосу керек. Ең алдымен, жас аналарды, көп балалы аналарды қолдауға тиіспіз. Өйткені, оларда ұзақ уақыт баламен, үй шаруасымен отырғандықтан психологиялық әртүрлі көңіл күй, түрлі қиындықтар болады. Оған материалдық мұқтажды, баспана мәселесі, ерлі-зайыптының түсініспеушілігі, ер азаматтың

бала мен әйел алдындағы жауапкершілігінің болмауы қосылады. Бүгінгі бақытсыздықтардың ең бірінші диагнозы осы. Бұлардың бәрі бірігіп, асқына береді. Бітеу жара қашанғы жүреді? Ол әртүрлі формада (мәселен, кешегі биіктен секірген келіншек оқиғасы секілді) жарылады. Ең қорқыныштысы, біз осындай жағдайлардан кейін де қамсыз отырмыз. Мемлекет дереу жас отбасыларды қолдайтын орталықтардың санын көбейтіп, материалдық болмаса да моральдық тұрғыда оларға назар аударуға, олардың жан дауыстарына құлақ түруге тиіс. Және ол орталықтар мемлекетке тек қана есеп беріп отыратын саны бар сапасы жоқ орталық болмауы керек. Олай болса одан еш көмек болмайды» – деп есептейді.

Рас, мемлекетте соңғы жылдары қолға алына бастаған «Бақытты отбасы», «Отбасы – бақыт мекені», «Мерейлі отбасы» секілді бағдарламаларды өз ешкім жоққа шығара қоймас. Бірақ ол мыңдардың емес, ондардың ғана үмітін үкіледі. Естеріңізде болса, осыдан біраз жылдар бұрын жас Қазақстан «картайған» мемлекет қатарына қосылуы мүмкін деген дабылдар қағылған. Бірақ соңғы деректер бұл ақпаратты терістеді. Қазақстанда демографиялық өсім артып, жастардың үлес салмағы көбейді. Бала туу тіпті кейбір өңірлерде рекордтар көшін бастаған. Міне, осы жас отбасылар мен ондағы отбасы мүшелері қатарының көбейгені көңіл қуантқанымен, олардың тұрмыстық ахуалы, өмір сүру салты жанды жүдетті.

Жауапкершілік екеуге ортақ

«Жұт жеті ағайынды» дейді халық. Жас отбасындағы ауыр психологиялық ахуалдың тағы бір себебін гинеколог дәрігер

Нұргүл Ерсұлтанқызы «отбасын дұрыс жоспарламаудың себебінен» деп түсіндіреді. «Біздің менталитетке салсақ дұрыс шығар, бірақ бүгін он баланы өмірге әкеп, «бір бала туса бір түп жусан бірге өседі» дейтін заман келмекке кетті. Жас отбасылар алдымен өздері аяқтан тұруды ойлауы керек. Сонда ғана сапалы ұрпақты өмірге әкеледі. Тұрмыстық жағдайдың нашарлығына қарамастан кейбір отбасылар төрт-бес баланы бірінің артынан бірін өмірге

әкеледі. Содан кейін өздерінің қиындығына балаларын да жегіп қояды. Бұл менің жеке субъективті пікірім ғрине, бірақ ол дұрыс емес. Кейде жас аналармен сөйлесемін, олардың көбі бұндай шешім күйеуінің қалауы екенін айтады. Осы жерде ер азаматтарға да өтініш, баланы өмірге әкелерде олардың алдындағы жауапкершілігін де ұмытпаса екен. Менің қабылдауыма кейде тіпті бір күнде 15-20-ға жуық қыз-келіншектер келеді. Ұлттың өскені ғрине, жақсы ғой. Бірақ олар ең алдымен сол сапалылық жағынан өсуін көбірек ойласа дейсін. 12 жылдық тәжірибемде байқаған тағы бір мәселем, ер азаматтардың өмірге келетін ұрпағына немқұрайлы қарауы. Оны қайдан көруге болады? Қабылдауға келген келіншектер кейде іштегі баласына, сырттағы баласын ерте келеді. Бірін сыртында көтеріп, бірін ішінде

көтеріп әбден мазасы кетеді. Ер азаматы қайда? Қандай жұмыс болса да тоқтата тұрып жұбайымен бірге келуі керек қой немесе басқа балаларын үйінде қараса тұрсын. Бала екеуге ортақ жауапкершілік. Әйелдің психикалық құлдырауы міне осындай ауыртпалықтардан басталады. Кей келіншектердің жүдеу жадау түріне қарап отырып кейде тіпті «мына қызға психолог емес, психиатрға бару керек ау» деп те ойлайтын кездер болады, артық айтсам кешірсін. Сондықтан қыздарға айтар кеңесім, барлық бала өмірге жоспарлы келуі керек. Өз денсаулығын күтпесе, ертен ол сол балаларына иелік те ете алмай қалады».

Ауру қоғамның асқынған дерті

Кейбір деректер Қазақстанда отау құрған әр үш от-

басының біреуі ажырасатынын айтады. Денгейлік көрсеткіште қалалық жерлердегі ажырасу 40% құраса, ауылдағы ажырасу шкаласы да 27% жеткен. Неке-дегілердің ажырасуы алғашқы бес жылдыққа орын алады делінсе, олар 40%-ды құрапты. Өкінішке қарай бүгінгі таңда бар бақытсыздықтың бастауы болып отырған қоғамдық үлкен дерт. Ауру қоғамның асқынған дерті. Мұндай мәліметтерді Ұлттық экономика министрлігінің сайтынан да табуға болады. Олардың мәліметінше, Қазақстанда соңғы он жылда 1,5 млн үйлену дерегі тіркелсе, олардың жарты миллионы осы уақыт ішінде ажырасушылардың санын толықтырып үлгерген. ҚР «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексі ерлі-зайыптыларға «тең құқықтарды пайдалануды, тең міндеттер атқаруды, кәсіп түрін, тұрғылықты жерді таңдауға тең дәрежелі ортақ құқық береді. Ана-әке атану балаларды тәрбиелеуде де теңдей міндеттерді мойынға алу екендігі белгілі. Бірақ, көптеген ата-ана әсіресе ер азаматтардың біразы осы жауапкершіліктің салмағын сезінер емес. Міне, осыдан келіп сөз басында айтқан түрлі бақытсыздықтар орын алуда. Оған өз балаларымен қоса биіктен секірген ана жағдайы дәлел. Одан кейінгі аз уақыт аралығында ғана бұндай оқиғалардың бірнешеуі қайталанып үлгерді. Бұл мәселеге әр қырынан мамандар көзқарасы тұрғысынан келіп отыруымыздың себебі де осында. Психологтың да, гинеколог дәрігердің де диагнозы отбасы жауапкершілігінің барлығының әйел адамның мойнына түсуі. Ер азаматтардың бүгінгідей сапалық жағынан құлдырауы, әртүрлі теріс әрекеттерге салынуы бұл мәселенің бояуын тіпті қоюландыра түседі.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН

ҚАЛАНЫ КӨГАЛДАНДЫРУ БАСТЫ НАЗАРДА

Алматы қаласы мәсли-хатының кәсіпкерлікті дамыту, инновациялар мен ақпараттық технологиялар және креативті индустрия жөніндегі тұрақты комиссия-сы қалалық көгалдандыру компаниясында болды.

6 желтоқсан күні кәсіпкерлікті дамыту, инновациялар мен ақпарат-тық технологиялар және креативті индустрия жөніндегі тұрақты ком-миссия Қайрат Құдайбергеннің бас-шылығымен «ЛЭУ» –ланшафты-кө-галдандыру компаниясында болды. Сонымен қатар, кездесуге депутаттар Қуаныш Турабаев, Константин Авер-шин, Ералы Сауранбаев пен Алматы қаласы халықты жұмыспен қамту орталығы директорының орынбасары Нұржан Аутали қатысты.

Алматы қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы азаматтарды тұрақты және уақытша (қоғамдық жұ-мыстар, әлеуметтік қызмет) жұмыспен қамтуға ықпал етеді. Жастарға арналған «Жастар тәжірибесі», «Алғашқы жұмыс орны», «Жаңа буын келісімшарты» атты арнайы бағдарламалар жүзеге асырылуда. Сонымен қатар, қаламызда инфрақұрылымдық жобаларды іске асыратын «Еңбекпен қамту жол карта-сы» жұмыс істейді.



Мәслихат депутаттарының тағы бір міндеті мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асырылуын тексеру. ЛЭУ қала әкімдігімен өзара бірнеше еңбекпен қамту бағдарламасы бойынша әріптес-тік жүргізіп келеді. «Біздің компания-да 300-ден аса адам жұмыс істейді. Олардың 160 қалалық жұмыспен қамту орталығы арқылы қабылданған», – деді «ЛЭУ» компаниясы директорының орынбасары Анна Башинская.

Депутаттар абаттандыру мен кө-галдандыру бойынша туындайтын мәселелерді қарастырды. Мәселен,

кәсіпкерлер қаламызда жаңа отырғы-зылған ағаш көшеттеріне күтім жа-сайтын мемлекеттік және жеке меншік бірлескен жобасы жоқ екендігін айтты. Қала құрылысы саласында абаттандыру мен көгалдандыру кешенді құрылыс жобасының бір бөлігі саналады. Оның адам өмірінде алар орны да ерекше, қоршаған ортаға ықпал етеді. Сол се-бепті де Мәслихат депутаттары қала суәулетшілерінің жобаларына ғана емес, «жасыл бизнес» өкілдерінің жұмыста-рына да көп көңіл бөлемек.

Искак ДАМИР

Тәуелсіз мемлекетіміздің жаңа тарихының бастау алғанына биыл 30 жыл толып отыр. Еліміз егемендіктің алғашқы жыл-дарынан бастап тәуелсіз сот, қуатты құқық қорғау органдарын құруды демократиялық, құқықтық мемлекетті нығайтудың басым бағыттарының бірі ретінде белгіледі. Нәтижесінде 1991 жылдан бастап жүргізілген реформалар дербес сот билігінің қалыптасуы мен орнығуына, демократиялық, құқықтық мемлекеттің дамуы мен сот жүйесінің тәуелсіздігін нығайтуға бағытталды.

ИГІ ІСТЕР ЖАЛҒАСАДЫ

Сот төрелігін жүзеге асырудағы басты тұлға – судья екендігі бар-шамызға мәлім. Осы тұрғыда судья лауазымына кандидаттарды іріктеу және біліктілік талаптарын күшейту туралы шаралардың жиыны тиісті заңнамаларға өзгерістер мен толықты-рулар енгізу арқылы орындалды. Осы жылдар ішінде судьялардың әлеуметтік жағдайы қажетті дең-гейде қамсыздандырылып, қызметі материалдық-техникалық жағынан толық қамтамасыз етілді.Сот жүйесі бес сатылы сот жүйесінен үш сатылы сот жүйесіне ауысты. Үш сатылы сот жүйесі толығымен халықаралық стандарттарға сай келеді, әрі сот про-цестерін жасанды созбалаңға салуға мүмкіндікті азайтты.1996 жылдан бері өткізіліп келе жатқан Судьялар одағы-ның съездері – сотқа қатысты мәсе-лелерді лайықты шешудің, жаңа ба-стамалар ұсынуудың, сот реформасын одан әрі дамытудың басты алаңына айналды деуге болады. Маманданды-рылған соттар құрылды. Алқабилер институты енгізіліп, қамауға алу

құзыры прокуратурадан соттарға берілді. Барлық деңгейдегі соттарда электрондық терминалдар мен бейне-байланыс жүйелері, басқа да ғылым мен техниканың соңғы жетістіктері енгізілді. Жаңа технологияларды қолданудың көмегімен сот қызметі ашық, жедел, колжетімді бола түсті. Республика соттарының сот мәжілісі залдары түгелдей дыбыс және бейне жазба құрылғыларымен жабдықта-лып, сот отырыстары 100 пайыз жазба құрылғыларын қолдануға көшті. Жаңа технология азаматтардың сотқа келуін міндеттемей, арыз-шағымын «Сот кабинеті» арқылы үйінен, кеңсесінен шықпай-ақ жолдауына жол ашты. Айтылған жетістіктеріміз бен айқын мақсаттарымыз, асыл мұраттарымыз, сөз жоқ, тәуелсіздік деп аталатын ка-сиетті құндылығымыздың нәтижесі.

Руслан ЖАМАЛБЕКОВ,
Алматы қалалық әкімшілік
құқық бұзушылықтар жөніндегі
мамандандырылған ауданаралық
сотының судьясы

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

5. «Қызылқайын и К» ауылшаруашылық өндірістік кооперативі , БСН 170640006559, өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекен-жай бойынша қабылданады: ҚР, 100430, Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, Қызылқайын ауылы, Степная көшесі,13 үй, 2 пәтер. Тел.87712739107,87055869595.

7. «Кутузовское - Алиби» ЖШС, БСН 070540002928, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күн-нен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданы, Каменный Брод ауылы, Трудовая кө-шесі, 47 үй. Тел.: 87153353818.

11. «Толғанай» Ауылшаруашылық өндірістік кооперативі БСН 160940023151, өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы, Ақсар ауылы Торайғыров көшесі-81 үй.

13. «БРИФ Бизнес Аналитика» ЖШС, БСН 011240001970, өзінің тара-тылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жария-ланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, 050004 (А25Е1Е4), Алматы қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 50 үй, 6-кабат. Тел.: +7(727)3470056.

22. «DoubleB Creative Technology» ЖШС-ның (БСН 171240024298) жа-былуына байланысты алыс-берісі бар мекемелер, жеке азаматтар хабарлан-дыру газетке жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде хабарласуына болады. Өтініштер Маңғыстау обл. Бейнеу ауданы, Бейнеу селосы, М.Бегенов көше-сі, 28 үй, 3 пәтерде қабылданады.

ӨРТҮРЛІ

2. «VIP Компания KZ» ЖШС (БСН 211040010429) өзінің «МЕРЕКЕ 2020» ЖШС-не (БСН 180240022111) қосылу арқылы қайта ұйымдастырылаты-ны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, «Маяк» саяжай кооперативі, Степная көшесі, 17 үй.

3.«Creditum» «МҚҰ» ЖШС қатысушыларының жалпы жиналысының 04.11.2021 жылғы №14 хаттамасына сәйкес серіктестіктің жаңа орналасқан жері келесі мекенжай бойынша бекітілді: Қазақстан Республикасы, 050012, Алматы қ., Алмалы ауданы, Сейфуллин даңғылы, 502 үй, 8 қабат.

10. ЖШС «АккордКапитал» Микроқаржылық ұйымы» (БСН 151040008929) 22.12.2021 ж. бастап заңды және тұрақты мекенжайының А05D7M3 (050000), ҚР, Алматы қ., Алмалы ы-а, Желтоқсан қ., 96/98 ғима-ратына ауысатыны жайында хабарлайды.

4. «ТИМУС-construction» ЖШС-н Тарату комиссиясы, орналасқан мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050000 индексі, Алматы қ., Медеу ауданы, Қарибжанов көш.64 үй, ерікті түрде тарату туралы хабарлайды. Қазақстан Республикасының қолданысындағы заңнамасымен және «ТИМУС-construction» ЖШС-ның жарғысында бекітілген тәртіптен және мерзіммен тарату жүзеге асырылады. Кредиторлардың талап-өтініштері «ТИМУС-construction» ЖШС-ке, тарату комис-сиямен жазбаша түрде осы хабарландыру жарияланған күннен бастап мына мекенжай бойынша: Қазақстан Республикасы, 050000 индексі, Алматы қ., Медеу ауданы, Қарибжанов көш. 64 үй, екі күнтізбелік ай ішінде қабылданады.

12. «КТЖ-Жолаушылар локомотивтері» ЖШС Жалғыз қатысушы «Жолаушылар локомо-тивтері» ЖШС-мен қосылу арқылы «КТЖ-Жолаушылар локомотивтері» ЖШС болып қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдағанын хабарлайды.

14. Шымкент қаласының әкімдігінің 2021ж. 2 желтоқсандағы «Шымкент қаласының білім са-ласындағы кейбір мемлекеттік білім ұйымдарын қайта ұйымдастыру туралы» №1523 Қаулысына сәйкес «Шымкент қаласының білім басқармасының «Н.Оңдаснов атындағы №38 мектеп-гим-назиясы»КММ-сі БСН 991240002034- Шымкент қаласының білім басқармасының «Н.Оңдаснов атындағы №38 мектеп-гимназиясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы МКК болып қайта ұйымда-стырылуына байланысты барлық талап-шағымдар осы хабарлама жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде төмендегі мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Шымкент қ., Еңбекші ауданы, 18 шағын ауданы, ғимарат 135, пошта индексі 160016, тел.8 7252 32-17-40, 32-17-41.

15. Шымкент қаласының әкімдігінің 2021ж. 2 желтоқсандағы «Шымкент қаласының білім са-ласындағы кейбір мемлекеттік білім ұйымдарын қайта ұйымдастыру туралы» №1523 Қаулысына сәйкес «Шымкент қаласының білім басқармасының «А.С.Пушкин атындағы №1 мектеп-гим-назиясы»КММ-сі БСН 991240002083-Шымкент қаласының білім басқармасының «А.С.Пушкин атындағы №1 мектеп-гимназиясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы МКК болып қайта ұйымдастырылуына байланысты барлық талап-шағымдар осы хабарлама жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде төмендегі мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Шымкент қ., Еңбекші ауданы, Құнығытсе шағын ауданы, ғимарат 69, пошта индексі 160050, Тел.: 8(7252) 77-40-43, 77-40-63,77-40-22

16. Шымкент қаласының әкімдігінің 2021ж. 2 желтоқсандағы «Шымкент қаласының білім са-ласындағы кейбір мемлекеттік білім ұйымдарын қайта ұйымдастыру туралы» №1523 Қаулысына сәйкес «Шымкент қаласының білім басқармасының «Т.Рыскулов атындағы №25 мектеп-гимназиясы» КММ-сі БСН 991240002486-Шымкент қаласының білім басқармасының «Т.Рыскулов атындағы №25 мектеп-гимназиясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы МКК болып қайта ұйымдастырылуына байланысты барлық талап-шағымдар осы хабарлама жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде төмендегі мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Шымкент қ., Еңбекші ауданы, Құнығытсе шағын ауданы, ғимарат 62,пошта инд.160050,тел.8 (7252)78-22-20,8-701-758-79-17.

17. Шымкент қаласының әкімдігінің 2021ж. 2 желтоқсандағы «Шымкент қаласының білім са-ласындағы кейбір мемлекеттік білім ұйымдарын қайта ұйымдастыру туралы» №1523 Қаулысына сәй-кес «Шымкент қаласының білім басқармасының «Т.Рыскулов атындағы №25 мектеп-гимназиясы» КММ-сі БСН 991240002486-Шымкент қаласының білім басқармасының «Т.Рыскулов атындағы №25 мектеп-гимназиясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы МКК болып қайта ұйымдастырылуына байланысты барлық талап-шағымдар осы хабарлама жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде төмендегі мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Шымкент қ., Еңбекші ауданы, Құнығытсе шағын ауданы, ғимарат 62,пошта инд.160050,тел.8 (7252)78-22-20,8-701-758-79-17.

18. Шымкент қаласының әкімдігінің 2021ж. 2 желтоқсандағы «Шымкент қаласының білім са-ласындағы кейбір мемлекеттік білім ұйымдарын қайта ұйымдастыру туралы» №1523 Қаулысына сәйкес «Шымкент қаласының білім басқармасының «№130 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-сі БСН 171140023355-Шымкент қаласының білім басқармасының «№130 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы МКК болып қайта ұйымдастырылуына байланысты барлық талап-шағымдар осы хабарлама жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде төмендегі мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, Нұртас шағын ауданы, ғимарат 461/1, пошта индексі 160024, тел. 8 7252, 27-51-14, 27-51-15

19. Шымкент қаласының әкімдігінің 2021ж. 2 желтоқсандағы «Шымкент қаласының білім са-ласындағы кейбір мемлекеттік білім ұйымдарын қайта ұйымдастыру туралы» №1523 Қаулысына сәйкес «Шымкент қаласы білім басқармасының «Сағадат Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-сі БСН 991140002353-Шымкент қаласының білім басқармасының «Сағадат Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы МКК болып қайта ұйымдастырылуына байланысты барлық талап-шағымдар осы хабарлама жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде төмендегі мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, Нұртас шағын ауданы, ғимарат 151/4, пошта индексі 160050, Тел.: 8 (7252) 77-50-27, 8-702-933-37-71

20. Шымкент қаласының әкімдігінің 2021ж. 2 желтоқсандағы «Шымкент қаласының білім са-ласындағы кейбір мемлекеттік білім ұйымдарын қайта ұйымдастыру туралы» №1523 Қаулысына сәй-кес «Шымкент қаласының білім басқармасының «№136 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-сі БСН 201140024738-Шымкент қаласының білім басқармасының «№136 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы МКК болып қайта ұйымдастырылуына байланысты барлық талап-шағымдар осы хабарлама жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде төмендегі мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Шымкент қ., Абай ауданы, Самал-3 шағын ауданы, ғимарат 2083/А, пошта индексі 160015, Тел.: 87252 27-40-45, 27-40-62, 27-40-61,

Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС «РУТА» ЖА), ди-ректоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шым-кент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов қ. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл кө-шесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ.,К.Мұхамет-ханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18,8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай кө-шесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Пе-тропавл қ., К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Де-партаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қос-танай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail:zan-ai@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаһтаразы. ardawka_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ.,ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызыл-орда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді кө-шесі 158 а, ЖҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы,Қа-зақстан Конституциясы көшесі,28-үй,1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222,ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журнал-дарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetysaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.

«KAIIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даң-ғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарланды-руды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көше-сі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.

БАЙҚАУҒА!

– Ж-о-оқ, жооқ, жоқ!

Торғын түсінен шошып оянды. Оң бойын тер басыпты. Өңі қуарып кеткен. Екі қолымен бетін басып еңгігіп отыр. Келіншегінің үрейлі дауысынан Атаман да оянды.

– Не болды саған, түс көрдің бе?

– Иә.. Жаман түс көрдім, – деп күйеуінің кеудесіне басын тығып солқыдап жылады.

– Қорықпа, жаным! Қасыңдамын! – деп Атаман оны кең құшағына алды.

– «Түс түлкінің боғы» деген, шаршаған шығарсың! Таңнан кешке дейін жұмыс, арасында балаға қарайсың.

– Солай шығар. Солай болса екен...

– Торғын еңтігін әрең басып, терең күрсінді. – Біреулер, мені қуып жүр...

– Қорықпа! Мен саған су әкелейін.

– Токташы, қорқамын. Түсімде біз қыдырған қысқы бак қанға боялыпты, – деп Торғын тығыла берді.

– Түк етпейді, алаңсыз ұйықтай ғой. Атаман су әкелгенде Торғын кішкентай Қоңырдың көрпесін қымтап, ұлына мейірлене қарап отырған еді.

– Қоңырым менің! Қоңыр қозыдай пысылдап ұйықтап жатқанын қарашы! Балама ғұмыр бер, Алла!

Баласына мейірлене қараған Атаман Торғынды кеудесіне тартып, маңдайынан сүйді.

Ақ сәлдесін оранған Алатаудың шыңдарына түскен сәуле етекке жамырап сала берді. Тәкаппар тауларды аймалап Тәңірдің тағы бір таңы атты. Алатаудың етегіндегі мейірімді һәм мейірімсіз үлкен қала Алматының күнделікті қызу тірлігі басталып кеткелі қашан?! Қала қалғымайды. Ыңыранған троллейбус, лық толы автобус, жүйткіген жеңіл машина, жұмысқа асыққан жаяу жүргіншілер. Ешкімге ешкімнің қарауға мұршасы жоқ.

Кішкентай Қоңырды жекеменшік бала бақшаға қалдырған Атаман Торғынды «Титаник» кафесіне жеткізіп салды. Күндегі әдегі осы. Таңертең әкеп тастап, кешке, кейде түнде алып қайтады. Күйеуінің осындай қамқорлығына Торғын іштей ырза. Сырт көзге сұсты, мейірімсіз көрінетін Атаман, отбасына өте қамқор, кішіпейіл. Түндегі түсі есінен шықпай жүрегі сыздап тұрса да Торғын сыр бермей жұмысына кірісіп кетті.

«Титаник» қаладағы ең атакты, шулы кафелердің бірі. Бір сөзбен айтқанда бұл қылмыстық топтардың, қарақшылардың бас қосатын, келісім жасайтын тұрақты мекені болатын. Торғын осы кафенің әкімшілік қызметінде. Қорқатын. Қорыққанымен амалы қанша, басқа жұмыс жоқ, осы жұмыстың өзін таныстары арқылы әзер тапқан. Ақшасы да жақсы.

Таңнан кафенің қауырт қызметіне бел шеше кіріскен Торғын қалай түс болғанын аңғармай қалды. Бас аспаздан бастап даяшы, ыдыс жуушыларға дейін тапсырмасын мұқият орындауды шегелеп тапсырды. Демалуға өз бөлмесіне кірген. Шаршапты! Жүрегі сыздап тұр. Даяшы қызды шақырып бір кесе кофе алдырды. Бір ғана ұрттады. Зауқы жоқ. Бір түрлі ауа жетпейтін секілді. Бөлменің терезесін ашып сыртқа қарады. Аспаннан баяу қалқып ақ қанат көбелектей қар жауып тұр. Мұндайда аппақ сезіммен қол ұстасып Атаманмен қыдырған сәттері есіне түседі. Торғын жылы жымиды. Атаман екеуін ойға алып тұрып Қоңырын сағынды. Қылығы енді шыққан қошақанының ісі мұрнына келді. Тәтті қиялға беріліп тұрған жас келіншектің қиялын жөткірінген ер адамның дауысы бұзды. Жалт қарады. Кафенің қожасы екен.

– Сәлеметсіз бе, – деп Торғын бас иезп амандасты.

– Жұмыстарыңды жасандар, келген қонақ өте көп, – деп кафе қожасы айнала сауық қарап шығып кетті.

Есін тез жинаған Торғын залға келді. Келушілердің қатары көбейіп, музы-

кант ән салып, кафе қонақтары да билей бастапты. Бармен жігіт үздіксіз қызмет көрсетуде. Даяшылар қолды-аяққа тұрмайды. Кафеге келушілерді Торғын бір шолып өтті. Жартысы тұрақты клиенттер, жартысы бейтаныстар. Төргі үстелде оңаша төртеу отыр. Олар сирек келеді. Үлкен қаланың ірі қылмыстық тобының мүшелері. Торғын солай түсінеді. Бармен жігіт солай таныстырған. Осы жігіттің білмейтіні жоқ. Көптен істейді. Сак. Төргі үстелге қарама-қарсы үстелде екі жігіт отыр. Денелері мығым, көздері отты. Ішімдікке масая бастапты. Екеуі қайта-қайта құшақта-сып, жұдырықтарын соғыстырып қарқ-қарқ күледі. Торғын даяшыларға тапсырма беріп, барменнің қасына келді.

АТАМАН



– Бүгін шу болар ма екен? – деп бармен төрдегі төрт жігіт пен қызан екі жігітке қарай берді.

– Неге? – деді Торғын бармен қараған жакка көз салып.

– Мына екеуін қарасаншы, удай мас, – деп төрді нұсқады.

– Мастарға үйрендік емес пе, – деп Торғын жымиып қойды.

– Аналарға ұнамай отыр, әсіресе, Көкжалға.

– Көкжалың кім? Топтың мықтысы ма? – деп Торғын мән бермегендей болды.

– Иә, дәл өзі, – деп бармен үстелін сүрте бастады.

– Камера қосулы тұр, сонда да сак болайық.

– Күзетшілерге ескертіңіз.

– Олардан не қайыр, жүрген біреулер, – деп Торғын жүріп кетті. Сол сәтте төрде отырған төрт жігіттің біреуі дауыстады.

– Әкімгер? Әкімгер бар ма? – деп шақырды. Торғын төрдегі үстелге барды. Бармен айтқан Көкжал бірден Торғынның аяғындағы ақ етікке қарады. Оның аппақ етігі көздің жауын алатын, мұнтаздай таза әрі қардай ақ болатын.

– Айта беріңіз, – деді Торғын.

– Етігіңіз аппақ екен, – деді Көкжал. Торғын ашуланғандай кейіп танытты.

– Шаруаңызды айтыңыз, мен әкімгермін.

– Қысқасы, мына екеуі бұл жерден тайып тұрсын, әйтпесе өзіміздің қуып жіберуімізге тура келеді, – деді Көкжал қарсы үстелдегі екі жігітті негімен нұсқап.

– Олай жасауға болмайды, олар да қонақтар. Әрі мұны мен шешпеймін, бастығыма және күзетке айтыңыздар, – деп Торғын кетіп қалды.

Барменнің болжамы шыңға айналды. Екі үстелдегі жігіттер сөзбен қағыса бастады. Андысып, арбасып отырған секілді. Әзірге батыл қадамға барған жоқ. Кафедегі көпті де сыйлап отырса керек әзірге тығыш.

Көленке ұзарып, қыстың қысқа күні

жасырынып Алатаудан қол бұлғады. Қала қараңғылықтың қолтығына сүнгіді. «Титаник» кафеcінде жарқ-жүрқ музыка ойнады. Шарапқа бойын билеткен қонақтар биге шықты. Екі үстелдегі жігіттер де билеп жүр. Масандау біреуін итеріп жіберді ме, өзі жығылды ма құлап түсті де, атып тұрып төргі үстелдегі билеп жүрген жігіттердің біреуін баспен қойып кеп жіберді. Қарап тұрған Торғын жүгіріп келген болатын. Анау құлап барып есін жиып алды. Артына жасырып қойған тапаншасын суырып ап басып қалды. Оқ дәл тиді. Екінші жігіт тұра жүгіргенде анау тағы атты. Қолын біреу қакса керек, оқ Торғынға тиді. Әйелдің жан дауысы шықты. Осының бәрі қас қағымда болды. Кафенің

іші азан-қазан, шу. Қылмыскерлер із суытып үлгерді.

Торғынға қоңырау шалып ала алмаған Атаман тура «Титаникке» тартты. Кафенің алды абыр-сабыр жүгірген адамдар, полиция, жедел жәрдем тұр. Қызу қанды жігіт машинаны қойды да көптің ішіне кіріп кетті. Біреулерден не болғанын сұрап еді, білмейміз деп иығын қикаң еткізді. Біреулер атыс болған екен деді. Атаман ішке кіруге ұмтылды. Есіктің алдындағы мұздай қаруланған полиция оны ішке жібермеді. Қалай да ішке кіруім керек, Торғынның аман екенін көруім керек деген ойдың жетегімен полицейлерді итеріп, киіп-жарып ішке ұмтылды. Алдынан ақ халаттылар шықты. Бір адамды жедел жәрдемнің ауруларды таситын төсегіне салып алыпты. Жүгіріп сүйреп келеді. Беті жабық. Атаман оған қараған жоқ. Залға кірді де айғай салды.

– Торғын! Торғын!

Ешкім үндемеді. Торғын жоқ. Жүгіріп далаға шықты. Өлгі беті жабулы адамды машинаға салып жатыр екен. Дәрігерлер көтеріп жатқанда етігін көріп қалды. Ақ етік. Иә, ақ етік. Торғындыкі. Тұра жүгірді. Дәрігерлер де шапшаң екен, осы кезде машина жылжып кетті. Торғын хәл үстінде жедел жәрдем машинасының ішінде кете берді. Торғын Атаманнан алыстап кетті, мәңгілікке...

Сәуірдің самалы желпіп өтіп Алматыға мамыражай маусым келді. Жер көгалданып, ағаштар тегіс көгеріп, гүлдеп ғашықтардың сырына ортақтасқалы қашан. Табиғаттың осынау ерекше сыйы жаныңды нұрға шомылдырып әлденені еріксіз аңсаттырады. Құстар тынымсыз сайрап жатыр. Алтын күн аспаннан шуағын құйып тұр. Алатаудың басы қар болғанмен белі секпілденіп қарайып кетіпті. Ештеңе болмағандай сырын ішіне бүгіп қала жатыр. Қаланың дамылсыз тірлігі тоқтар емес. Қала қалғымайды...

Торғынды жер қойнына тапсырғалы Атаман мүлдем өзгеріп кетті. Көп еш-

кіммен сөйлеспейді. Үнемі кеш болса жоқ болып кетеді де, түн ортасында не таңға жақын оралады. Жалғыз алданышы – Қоңыр. Қоңырдың қазір қызығы шығып, тәтті боп кеткен. Былдырлап сөйлейді. Баласы «мама» деген сайын Атаманның жүрегі қан жылайды. Көкірегі шерге толады. Торғынын сағынады! Бақытты шақтарын аңсайды! Атаман үнемі іштей Қоңырға серт береді. Сол кезде жұдырығы жұмылып, қабағы түйіліп кетеді. Ол қайтсе де қылмыскерлерді тауып, кек алуды көздеп жүр. Полицейлер де қылмыскерлерді іздестіріп жатыр. Әзірге ұсталды деген сыбыс жоқ. Олардың ұсталатынына Атаман сенбейді. Сондықтан да олардың жазасын өзі беруі керек. Онсыз жаны жай табар емес. Тергеушілер Атаманды да тергеген. Заң солай екен. Кім жақын бәрінен сұрайды. Күдіктен-бейтіннің бәрінен күдіктенеді. Қылмыскерлер анық. Бірақ, табылмайды. Атаман осыған күйінеді.

– Соңғы рет жарыңызды қай жерде көрдіңіз, – деді графиннен су құйып тұрған тергеуші.

– Оны жұмысқа апарып тастадым, сол күні, – деп Атаман салғырт жауап берді.

– Сіздің дұшпандарыңыз бар ма? Кек алғысы келіп жүрген, немесе отбасылық мәселе дегендей, – деп тергеуші әңгімені шиыршықтай бастады.

– Отбасылық мәселе де жоқ, жарымды атып салардай дұшпандарым да жоқ, – деді Атаман.

– Жаксы, тағы мәліметтер табылса біз сізге бірден хабар береміз.

– Бейнебақылау орнатылған кафеде қалайша қылмыскерлер сытылып кетеді? – деп Атаман сұрақты төтесінен қойды. Су ішіп отырған тергеуші абдырады. Қолы дірілдей, стаканды үстел үстіне тарс еткізіп қойды.

– Бейне өшірілген. Оған кімнің қатысы бар екендігін анықтап жатырмыз, – деп Атаманды шығарып жіберуге ұмтылды. Атаман үшін бұл сұрақтың жауабы белгілі еді. Бейнені өшірген де полицияның өзі екенін жаксы білді.

Атаманның жаны тыныштық таппады. Зұлымдыққа зұлымдықпен ғана жауап беруді ойлады. Бірақ қалай? Қайтіп? Ол ұзақ ойланды. Қылмыстық топтың мүшелерін табу оңайға соқпасын білді. Енді ол басқа жоспарға көшпек болды.

«Титаник» кафеcінде екі кісіні атқан жігіттер «Абориген» деп аталатын қылмыстық топтың мүшелері еді. Төрт жігіттің біреуі екі адамды атып өлтіргені туралы мәлімет «Абориген» қылмыстық тобының басшысы Нұрболдың құлағына сол сәтте-ақ жеткен. Нұрбол жігіттерін шақырып мән-жайға қаныққан. Жазықсыз жаннның өліміне кінәліні кейін өзара жазалаған. Кінәліні қатты жазалауға да болмайды. Қиын бір іске салу керек. Өмір сынақ. Сынақтан аман өтсе шыбын жаны олажа, өте алмаса құрбан. Арғы-бергіні терең ойлайтын Нұрбол кеңесшілерімен де ақылдасқан. Сөйтіп қылмысқа қатысты 4 жігітті тасада ұстауды жөн көрген. Сонымен, төрт жігіт бой тасалауға көршілес Қырғыз еліне кеткен еді. Қыс бойы қырғыз елінде жүрген жігіттерін көктем шыға Нұрбол Алматыға қайта шақырып алған. Бұл кезде олар Торғынның өлімі туралы ұмытып та кеткен еді. Тек Атаман ұмытқан жоқ...

Май төгілген мамыр. Көкпенбек аспанда аздаған шарбы бұлттар қалықтайды. Күн төгіліп тұр. Барахолка базары. Құшағына Қоңырын алған Атаман базар аралап жүр. Құлыншағына киім алып бермек. Қоңырға аяқ киім кигізіп жатқан Атаманға сатушы жігіт:

– Алыңыз аға, ұлыңызға құйып қойғандай жарасып тұр! Қандай әдемі өзі! – деп аяқ киімді бір мақтап, Қоңырды бір мақтап тұрды. Сол сәтте олардың жанына үш жігіт келіп тоқтап, аяқ киімдерге көз жүгіртті. Түрлері суық. Сатушы жігіттің мазасы кетті. Былай-олай қипақтап не істерін білмеді. Атаман да сатушы жігіттің даусы бәсеңдеп, мазасы қаша бастағанын білді.

– Ақша дайын ба? – деді біреуі өктем дауыспен.

– Ағатай, менің де бала-шағам бар, бірнеше күн мұрсат берсеңдер беремін ақшаларыңды, – деп сатушы жігіттің дегбрі болмады.

– Мен саған біз келгенде сылтау айтпай дайындап қой деп ескертпедім бе? – деп біреуі сатушыға жакындай берді. Әділетсіздікті көргенде өз-өзін ұстап тұра алмайтын Атаман әңгімеге араласты.

– Жігіттер, мен балама аяқ киім алмақшы едім, қазір сатып алайын, содан соң есептесе жатарсындар, жарай ма? – деп ап-анық, сенімді сөйледі. Үш жігіт бір-біріне қарап қалды. Біреуі шыдамады.

– Аяқ киім де жоқ, басқа да жоқ, жаның бар да тайып тұр, – деді. Атаман сасқан жоқ. Осы сөзді айтқан тапал қара жігітті маңдайдан қойып кеп жібергенде анау ұшып түсті. Айналадағы сатушылар шоши орындарынан тұра жүгіріп жанжал шыққан маңға жакындай берді. Сол сәтте біреуі пышақ суырып үлгерді де, онды солды сермей берді. Аяқ киім сатушысы Қоңырды сүйреп сату орнына қарай тарта берді. Атаман сермелген пышақты оң жағынан, сол жағынан ығыса өткізіп, денесіне тигізген жоқ. Сату орнына жарнама ілуге әкелген жиналмалы сатыны қолына алып, қалған екеуін екі ұрғанда, пышағы бір жакта өздері бір жакта қалды. Сатушылар аңтаң болып Атаманға қарай қалды. Аяқ киім сатушысы сату орнынан Қоңырды ұстап алып шықты да:

– Ойбай, ағасы, қай топтың мықтысысың? Енді бізді сен қарайсың ба? Мазамызды алған мына бәлелерден кегімізді алып бердің. Мына аяқ киімді балаңа тегін берейінші, ала қойшы, – деп жалпылдап жатты. Атаман аяқ киім ақшасын сатушыға ұстатты да, Қоңырды жетектеп кете берді.

Түн. Атаман Қоңырға ыңылдап ән айтып ұйықтатпақ болды. Ерке Қоңыр былдырлай сөйлеп, ұйқыға жата қоймады. Атаманның телефоны шылдыр етті.

– Алло..

– Базарды тартып алдым демексін бе? – деді тұтқаның арғы жағындағы жуан дауыс.

– Маған ештеңе керек емес, құр ма-залайсың, – деді салмақты Атаман.

– Жолығайық, әлде күндізгі тірлігіне жауап беруге жалтарасың ба? – деп арғы дауыс Атаманның намысын оятуға ұмтылды.

– Тұрған жеріңді немесе тұрысатын жеріңді айт, – деді Атаман.

Атаман Қоңырды қалың киіндіріп көршісі Әсел мен Мұратқа әкелді. Әсел Торғынмен өте жакын араласқан құрбысы. Атаман Әселге Қоңырды әдеттегідей бірер сағатқа қалдыруға өтініш жасап, сол үйге кіргізіп жіберді. Өзі көлігіне отырып қала сыртына барды. Белгіленген жерге жеткенде ол бірнеше көліктің тұрғанын аңғарды. Жалғыз Атаман қолына Торғынды атқан қылмыскерлерден кек алу үшін сатып алған қаруын ала түсті. Шамы өлімсіреп жанған көліктің алдында қара ұзын пальто киген жігіт темекі тұтатып, көліктен түскен Атаманға бірнеше қадам жакындады.

– Ал, батыр! Кімді соғып кеткеніңді білесің бе? – деді ұзын жігіт.

– Күнін әрең көретін сатушыларға жабылып жүрген шибөрілерді соқтым, тіпті оларды соғып кету мен үшін абырой емес, қайта мазақ, – деп Атаман олардың ашуына тиді. Өлгі үш жігітке басшылары тыныш дегендей қолын көтерді.

– Менің атым – Нұрбол. «Абориген-ді» білемісің? – деді ұзын жігіт.

– Жабайыларды кім білмейді. Қаланың қуыс-қуысындағы шибөрілердің ағасы сен болдың ғой, – дегенде Нұрбол мырс етіп күліп жіберді.

– Жарайды, салғыласпайық, артында кім тұр? «Варварлардың» мықтысы шығарсың? – деді Нұрбол темекісін езе сөндіріп.

Ербол БЕЙІЛХАН

(Жалғасы бар)

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Жанахмет АҒЫБАЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев
8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова
8 705 398 62 83.
Жамбыл облысы Арсен Саттаров
8 705 808 14 31.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл
8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан
8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сабырбек Олжабай
8 701 385 72 75.
Шадияр Мекенбайұлы
87757335665

Шығыс Қазақстан облысы Талағжан Мұхамедиев
8 747 746 49 82.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zankreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 8019 дана
Апталық таралым 16 038 дана

Тапсырыс №180 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын **ZANMEDIA.KZ** сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтар-да** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31